2 Livermore D.M. Fourteen years in resistance. Int J Antimicrob Agents. 2012;39(4):283-294.
3 Tacconelli E., Carrara E., Savoldi A., Harbard S., Mendelson M. et al. Discovery, research, and development of new antibiotics: the WHO priority list of antibiotic-resistant bacteria and tuberculosis // Lancet Infect. Dis. 2018;18(3): 318-327.
4 Magiorakos A.P., Srinivasan A., Carey R.B. et al. Multidrug-resistant, extensively drug-resistant and pandrug-resistant bacteria: an international expert proposal for interim standard definitions for acquired resistance. ClinMicrobiol Infect. 2012;18(3): 268-281.
5 Bérdy J. Bioactive microbial metabolites. J Antibiot (Tokyo) 2005; 58(1): 1-26, doi: 10.1038/ja.2005.1.
6 Bérdy J. Thoughts and facts about antibiotics: where we are now and where we are heading. J Antibiot (Tokyo) 2012;65(8):385-395, doi: 10.1038 / ja.2012.27. Epub 2012 18 aprelja.
7 Demain A.L., Sanchez S. Microbial drug discovery: 80 years of progress. J. Antibiot (Tokyo) 2009;62(1):5-16.
8 Patent RK napoleznuju model' RK № 4782 /Gidrohlorid 1-(2-feniljetil)-4-adamantankarboniloksipiperidina, obladajushhijantimikrobnojaktivnost'ju /Ahmetova G.S., Praliev K.D., Il'in A.I., Dathaev U.M., Omyrzakov M.T., Koroteckij I.S., Maksatova A.M., Dzhumagazieva A.B., IskakbaevaZh.A. Opubl. 26.06.2020, Bjul. № 25. (in Russ).
9 HabrievR.U. Rukovodstvopojeksperimental'nomu (doklinicheskomu) izuchenijunovyhfarmakologicheskihveshhestv. – M., 2005. – 47 s. (in Russ).
10 Moiseev I.K., Kon'kov S.A., Ovchinnikov K.A. i dr. Sinteziprotivovirusnajaaktivnost' novyhproizvodnyhadamantanovogorjada // Himiko-farmacevticheskijzhurnal. – 2011. – T. 45, № 10. – S. 9-13.(inRuss).

Қаржыландыру: Жұмыс Ә.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтында BR10965255 жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті жүзеге асыратын 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді мақсатты қаржыландыру бағдарламасы бойынша орындалды.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар осы мақалада келтірілген деректерде авторлар арасында мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Сведения об авторах:

Максатова Аяулым Максатовна – PhD докторант, НАО «Казахский национальный медицинский университет им. С.Д.Асфендиярова», Алматы, Казахстан, e-mail: aika-172_92@mail.ru , +7 775 370 70 19; ORCID: 0000-0001-6976-6096

Ахметова Гульмира Сериковна – доктор химических наук, АО «Институт химических наук им. А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан, e-mail: gulgakhmet@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9074-1464

Пралиев Қалдыбай Джайловович – доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, АО «Институт химических наук им. А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан, e-mail: praliyevkd@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0381-7481

Датхаев Убайдилла Махамбетович – доктор фарм.наук, профессор, НАО «Казахский национальный медицинский университет им. С.Д.Асфендиярова», Алматы, Казахстан, e-mail: u.datkhayev@gmail.com, ORCID:0000-0002-2322-220X

Омырзаков Манас Тоқтасынович – докторPhD, «GxPCompany»ЖШС, Алматы, Қазақстан, e-mail: manas.88@mail.ru, ORCID:0000-0002-2665-178X

Сейлханов Толеген Мұратович – профессор, Кокшетауский государственный университет имени Ш.Уалиханова, Казахстан, e-mail: tseilkhanov@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0079-4755

Алынды: 25 ақпан 2023 / Қабылданды: 12 наурыз 2023 / Онлайн жарияланды: 30 сәуір 2023 ж.
УДК 547.823:615.212
DOI 10.53511/PHARMKAZ.2023.63.45.017

А.М. Мақсатова[1,2], Г.С. Ахметова[1], Қ.Ж. Пірәлиев[1], У.М. Датхаев[2], М.Т. Омырзаков[3], А.Б. Джумагазиева[4], Ж.А. Искакбаева[4], Т.М. Сейлханов[5]
[1] «Ә.Б.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ, Алматы, Қазақстан
[2] «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ, Алматы, Қазақстан
[3] «GxPCompany» ЖШС, Алматы, Қазақстан
[4] «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ, Алматы, Қазақстан
[5]Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Казахстан

1-(2-ФЕНИЛЭТИЛ-)-ПИПЕРИДИН-4-ОН СПИРТТЕРІНІҢ КҮРДЕЛІ ЭФИРЛЕРІ ҚАТАРЫНАН МИКРОБҚА ҚАРСЫ ПРЕПАРАТТАР ІЗДЕУ

Түйін: *Көптеген дәрілерге төзімділікке ие инфекция қоздырғыштарына қарсы белсенді жаңа препараттарды алу қазіргі заманғы медицинаның өзекті мәселесіні туғызып отыр.*
Жұмыстың мақсаты пиперидин қатарының жаңа туындыларының біріншілік фармакологиялық скринингін жүргізу, микробқа қарсы қасиеттерін анықтау, 1-(2-фенилэтил-)-пиперидин-4-он спирттерінің күрделі эфирлері қатарынан микробқа қарсы препараттарды іздеу және соның нәтижесінде кез келген фармацевтикалық зерттеудің негізгі мақсаты болып табылатын – жаңа дәрілік затты алуға болады.
Нәтижелер және оны талқылау: изопропанолда 1-(2-фенилэтил)-4-оксопиперидинді натрий боргидридімен тотықсыздандыру арқылы сәйкес екіншілік спирт алынды, ары қарай м-фтор-бензоилхлорид және циклогексанкарбонилхлоридпен ацилдеу нәтижесінде күрделі эфирлердің гидрохлоридтері синтезделіп алынды. Фаворский әдісі бойынша абсолютті тетрагидрофуранда техникалық ұнтақ КОН қатысында N-фенэтил-пиперидин-4оннның ацетиленмен әрекеттесуі 1-(2-фенилэтил)-4--этинил-4-гидроксипиперидиннің түзілуіне әкелді, п-фтор-, о-фтор-бензоилхлоридтермен ацилдеу нәтижесінде сәйкесінше пара-, орто-фторбензой қышқылдарының күрделі эфирлері синтезделді. 1-(2-фенилэтил-)-пиперидин-4-он спирттерінің МА-5, МА-10 шифрлы күрделі эфирлерінің микробқа қарсы белсенділігі зерттелді. МА-10 препараты S.aureus ATCC 6538-P және E. coli ATCC 8739 мұражайлық сезімтал тест-штамдарына қатысты 500 мкг/мл минималды бактерицидтік концентрацияда микробқа қарсы белсенділік көрсетті. МА-5 препараты 1000 мкг/мл концентрацияда бактериостатикалық әсерге ие және тиімді. Салыстыру препараты – ампициллин антибиотигі осы тест-штамға қатысты бактерицидтік әсерді 2000 мкг/мл концентрацияда көрсетті. МА-5 және МА-10 үлгілерінің Candida albicans ATCC 10231 текті ашытқытипті саңырауқұлақтарға қатысты микоцидтік концентрациясы, яғни тест-штамдардың өсуін тежейтін концентрациясы 1000 мкг/мл құрады. МА-5 және МА-10 қосылыстарының зең саңырауқұлақтарына, A. brasiliensis ATCC 16404 мұражайлық тест-штамына қатысты фунгицидтік белсенділігі минималды фунгицидтік концентрацияны - 125 мкг/мл құрады. Салыстыру препараты нистатин антибиотигі де 31 мкг/мл концентрацияда фунгицидтік әсерге ие.
Түйінді сөздер: *пиперидол, N-фенэтилпиперидин, күрделі эфирлер, циклогексанкарбонилхлорид, п-, м-, о-фторбензоаттар, микробқа қарсы белсенділік.*

А.М. Максатова[1,2], Г.С. Ахметова[1], Қ.Ж. Пиралиев[1], У.М. Датхаев[2], М.Т. Омырзаков[3], А.Б. Джумагазиева[4], Ж.А. Искакбаева[4], Т.М. Сейлханов[5]
[1]АО «Институт химических наук им. А.Б. Бектурова», г. Алматы, Казахстан
[2]АО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова», Алматы, Казахстан

A.M. Maksatova[1,2], G.S. Akhmetova[1], K.Zh. Piraliev[1], U.M. Dathaev[2], M.T. Omyrzakov[3], A.B. Dzhumagazieva[4], J.A. Iskakbaeva[4], T.M. Seilkhanov[5]
[1]JSC "Institute of Chemical Sciences named after AB Bekturov", Almaty, Kazakhstan
[2]"Kazakh National Medical University named after S. D. Asfendiyarov" JSC, Almaty, Kazakhstan

[3]ТОО «GxPCompany», Алматы, Казахстан
[4]АО «Научный центр противоинфекционных препаратов», Алматы, Казахстан
[5]Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, Казахстан

ПОИСК ПРОТИВОМИКРОБНЫХ ПРЕПАРАТОВ В РЯДУ СЛОЖНЫХ ЭФИРОВ СПИРТОВ 1-(2-ФЕНИЛЭТИЛ-)-ПИПЕРИДИН-4-ОНА

Резюме: Разработка новых препаратов, активных против возбудителей инфекций с множественной лекарственной устойчивостью, является актуальной проблемой современной медицины. В рамках настоящей работы проведен поиск противомикробных препаратов в ряду сложных эфиров спиртов 1-(2-фенилэтил-)-пиперидин-4-она, проведено изучение первичного фармакологического скрининга новых производных пиперидинового ряда, выявление антимикробных свойств, в результате которых можно достичь конечной цели любого фармацевтического изыскания - получения нового лекарственного средства.

Восстановлением 1-(2-фенилэтил)-4-оксопиперидина натрийборгидридом в изопропаноле получен соответствующий вторичный спирт, дальнейшим ацилированием которого м-фтор-бензоилхлоридом и циклогексанкарбонилхлоридом получены соответствующие гидрохлориды сложных эфиров. Взаимодействие N-фенэтил-пиперидин-4она с ацетиленом по методу Фаворского в абсолютном тетрагидрофуране в присутствии порошкообразного технического КОН при атмосферном давлении привело к образованию 1-(2-фенилэтил)-4-этинил-4-гидроксипиперидина, ацилированием которого п-фтор-, о-фтор-бензоилхлоридами синтезированы соответствующие сложные эфиры пара-, орто-фторбензойных кислот. Сложные эфиры спиртов 1-(2-фенилэтил-)-пиперидин-4-она под шифрами МА-5, МА-10 изучены на антимикробную активность. Антимикробную активность в отношении музейных чувствительных тест-штаммов S.aureus ATCC 6538-P и E. coli ATCC 8739 препарат МА-10 проявил при минимальный бактерицидной концентрации 500 мкг/мл. Препарат МА-5 эффективен и обладает бактериостатическим действием (подавляющие размножение бактерий) в концентрации 1000 мкг/мл. Препарат сравнения – антибиотик ампициллин оказывал бактерицидное действие в отношении данного тест-штамма в концентрации 2000 мкг/мл. В отношении дрожжеподобных грибов рода Candida albicans ATCC 10231 для образцов МА-5 и МА-10 микоцидная концентрация, концентрации при которой подавляют рост тест-штамма, составила 1000 мкг/мл. Фунгицидной активностью в отношении плесневого грибка, музейного тест-штамма A. brasiliensis ATCC 16404 соединения МА-5 и МА-10, для которых значение минимальной фунгицидной концентрации составило - 125 мкг/мл. Препарат сравнения антибиотик нистатин также обладает фунгицидным эффектом в концентрации 31 мкг/мл.
Ключевые слова: пиперидол, N-фенэтилпиперидин, сложные эфиры, циклогексанкарбонилхлорид, п-, м-, о-фторбензоаты, противомикробная активность

[3]"GxPCompany" LLP, Almaty, Kazakhstan
[4]"Scientific center of anti-infective drugs" JSC, Almaty, Kazakhstan
[5]Kokshetau State University named after Sh. Ualikhanov, Kazakhstan

SEARCH FOR ANTIMICROBIAL DRUGS IN THE SERIES OF 1-(2-PHENETHYL-)-PIPERIDIN-4-ONE ALCOHOLS ESTERS

Resume: The development of new drugs active against multidrug-resistant infectious agents is an urgent problem of modern medicine. Within the framework of this work, we searched for antimicrobial drugs in the series of 1-(2-phenylethyl-)-piperidin-4-one alcohol esters, studied the primary pharmacological screening of new piperidine derivatives, identified antimicrobial properties, as a result of which it is possible to achieve the ultimate goal of any pharmaceutical research - obtaining a new drug.

Reduction of 1-(2-phenylethyl)-4-oxopiperidine with sodium borohydride in isopropanol gave the corresponding secondary alcohol, further acylation of which with m-fluoro-benzoyl chloride and cyclohexanecarbonyl chloride gave the corresponding ester hydrochlorides. The interaction of N-phenethyl-piperidin-4one with acetylene according to the Favorsky method in absolute tetrahydrofuran in the presence of powdered technical KOH at atmospheric pressure led to the formation of 1-(2-phenylethyl)-4-ethynyl-4-hydroxypiperidine, acylation of which with p-fluoro-, o-fluoro-benzoyl chlorides synthesized the corresponding esters of para-, ortho-fluorobenzoic acids. Esters of 1-(2-phenylethyl-)-piperidin-4-one alcohols under codes MA-5, MA-10 were studied for antimicrobial activity. Antimicrobial activity against museum sensitive test strains S.aureus ATCC 6538-P and E. coli ATCC 8739 was shown by MA-10 at a minimum bactericidal concentration of 500 μg/ml. The drug MA-5 is effective and has a bacteriostatic effect (suppressing the reproduction of bacteria) at a concentration of 1000 μg/ml. The reference drug, the antibiotic ampicillin, had a bactericidal effect on this test strain at a concentration of 2000 μg/ml.

With regard to yeast-like fungi of the genus Candida albicans ATCC 10231 for samples MA-5 and MA-10, the mycocidal concentration, the concentration at which the growth of the test strain was inhibited, was 1000 μg/ml. Fungicidal activity against the mold fungus, museum test strain A. brasiliensis ATCC 16404 compounds MA-5 and MA-10, for which the value of the minimum fungicidal concentration was 125 μg/ml. The reference drug antibiotic nystatin also has a fungicidal effect at a concentration of 31 μg/ml.
Keywords: piperidol, N-phenethylpiperidine, esters, cyclohexanecarbonyl chloride, p-, m-, o-fluorobenzoates, antimicrobial activity

Кіріспе. Бүгінгі таңда қолданыстағы дәрілердің орасан көп түріне және жаңа препараттарды жасаудағы қиыншылықтарға қарамастан әсері жоғары және сапалы биологиялық белсенді заттарды жасауға бағытталған зерттеулердің өзектілігі даусыз. Осы мәселемен айналысуға итермелейтін себептер әртүрлі: адамның иммундық жүйесінің әлсіреуі, қауіпті вирустық инфекцияның тез таралуы, қоршаған ортаның экологиялық жағдайының төмендеуі, сонымен қатар қолданыстағы дәрілік заттарға қауіпті микроағзалардың рези стенттілігі.

Жаңа дәрілік препараттарды жасау саласындағы зерттеулердің инновациялық және озық бағыттарының дамуына, сонымен қатар өткен ғасырдағы ғылыми ашылуларға қарамастан, әлем елдерінде инфекциялық аурулардың мәселесі өзекті. Бұған дәлел ДДСҰ мәліметтері көрсеткендей, инфекциялық аурулардан науқастардың өлімі әлемде инфекциялық емес (ЖИА, инсульт, ӨСОА) аурулардан кейін үшінші орын алады [1]. Жүргізіліп жатқан емдеудің тиімсіз болу себептерінің бірі инфекция қоздырғыштарының дәрілік төзімділігінің арту деңгейі мен жүргізіліп жатқан терапия әсерінің төмендеуіне немесе толығымен жойылуына әкеледі, сәйкесінше жаңа дәрі-дәрмек іздеу қажеттілігін туындатады [2].

Антибиотиктердің тәжірибедегі қолданыс мерзімінің және масштабының артуына байланысты төзімді микроағзалардың штамм сандары да артуда.

Дәрілік препараттарға төзімділік мәселесінің жаһандық сипатының дәлелі әлем бойынша әртүрлі ұйымдардың микроағзалардың дәріге төзімді түрлерін бақылауға және олармен күресуге өз күштерін біріктіруге тырысып жатқаны болып табылады [3-5].

Төтенше эпидемиялық жағдайларда тұрғылықты мекенді дер кезінде қорғау мәселесінде химиялық профилактика және химиялық терапия шамаларын бактериялық инфекфиялармен күрес әдісі ретінде асыра бағалау қиын.

Сондықтан жаңа дәрілік заттарды зерттеу және дайындау, сонымен қатар максималды терапевтік әсер мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін олардың сапасын бағалау әдістерін жетілдіріп отыру фармацевтикалық химияның басты мәселелердің бірі.

Осыған байланысты синтетикалық органикалық химияның өзекті мәселелерінің бірі шынайы құрылымды, жорамалды қасиеттер кешеніне ие жаңа қосылыстарды синтездеу өзекті болып отыр.

Пиперидин сақинасы көптеген алкалоидтық табиғи өнімдер мен дәрілердің құрамында кездесетін құрылымдық ерекшелік болып табылады. Watson P.S. және басқа да ғалымдардың [6] пайымдауынша, соңғы 10 жыл аралығында клиникалық және клиникаға дейінгі зерттеулерде мыңдаған пиперидинді қосылыстар атап өтілді. Пиперидинді нысанда табылған функционалды және орынбасушы құрылымның әртүрлілігі пиперидиндердің биологиялық қасиеттері гетероциклді сақинадағы орынбасардың типі мен орналасуына қатты тәуелді екендігі туралы жалпы қабылданған концепция негізі болып табылды.

Көптеген жылдар бойы «Ә.Б.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ синтетикалық және табиғи дәрілік заттар химиясы зертханасында пиперидин туындылары арасынан әсері жоғары және қауіпсіз дәрілік заттарды қарқынды іздеу жұмыстары жүргізілуде. Осы зерттеулердің нәтижесінде фармакологиялық әсері кең препараттар табылды [7-10].

Материалдар мен әдістер. Реакцияның жүру бағыты мен қосылыстардың даралығын жұқа қабатты хроматография (ЖҚХ) әдісі көмегімен, белсенділігі үшінші дәрежедегі алюминий оксидінде жүргізіліп, йод буында көрінген дақтар бойынша табылды. Зерттелетін қосылыстардың ИҚ спектрлері «Nicolet 5700» спектрометрінде KBr пластинкалары арасындағы жұқа қабатта түсірілді.

ЯМР 13С пен 1Н спектрлері «JEOL» фирмасының “JNM-ECA400” (400 және 100,8 МГц) спектрометрінде CDCl3-те, ішкі стандарт - ГМДС жазылды.

1-(2-фенилэтил)-4-(м-фторбензоилокси)пиперидин гидрохлориді (4)

Хлороформдағы 1,0 г (0,0049 моль) 1-(2-фенилэтил)-4-гидроксипиперидин (2) ерітіндісіне араластыра отыра 1,2 мл (0,0097 моль) м-фторбензоилхлоридінің хлороформдағы ерітіндісін тамшылатып қосады. Қоспаны 24 сағ бөлме температурасында ұстайды. Түзілген ақ тұнбаны фильтрлеп алып, диэтил эфирімен жуады. Қалдық затты изопропил спиртімен қайта кристалдау әдісімен бөліп алады. Нәтижесінде 0,95 г (53,67 % теориялықтан) 1-(2-фенилэтил)-4-(м-фтор)-бензоилокси)пиперидин гидрохлориді алынды, $T_{балқу}$220-222^{0}C, Rf 0,91 (Al2O3, элюент - бензол: диоксан - 4:1).

Табылғаны, % : C 65,96; H 6,32 $C_{20}H_{23}NO_2FCl$

Есептелгені, % : C 66,88; H 6,25.

1-(2-фенилэтил)-4-циклогексанкарбонилоксипиперидин гидрохлориді (5)

Абсолютті диоксандағы 0,5 г (0,0024 моль) 1-(2-фенилэтил)-4-гидроксипиперидин (2) ерітіндісіне тоқтаусыз араластыра отыра абсолютті диоксандағы 0,97 мл (0,0073 моль) циклогексанкарбонилхлориді ерітіндісін тамшылатып қосады. Реакциялық қоспаны 24 сағ бөлме температурасында ұстайды. Түзілген ақ тұнбаны фильтрлеп алып, диэтил эфирімен жуады. Қалдық затты изопропил спиртімен қайта кристалдау әдісімен бөліп алады. Нәтижесінде 0,63 г (73,25 % теориялықтан) 1-(2-фенилэтил)-4-циклогексанкарбонилоксипиперидин гидрохлориді алынды, $T_{балқу}$180-183 ^{0}C, Rf 0,89 (Al2O3, элюент - бензол : диоксан - 4:1).

Табылғаны, % : C 68,19; H 8,52 $C_{20}H_{30}NO_2Cl$

Есептелгені, % : C 69,28; H 8,65.

1-(2-фенилэтил)-4-этинил-(4-п-фтор)бензоилокси пиперидин гидрохлориді (6).

1 г (0,0044 моль) 1-(2-фенилэтил)-4-этинил-4-гидроксипиперидинді (3) абсолютті диоксанның белгілі мөл-

шерінде ерітеді, алынған ерітіндіге баяу араластыра отырып 1,037 г (0,0065 моль) п-фтор-бензоилхлоридінің абсолютті диоксандағы ерітіндісін тамшылатып қосады. Реакциялық қоспаны 48 сағ бөлме температурасында ұстайды. Реакцияның жүру барысын ЖҚХ бойынша бақылайды. Реакциялық қоспаны диэтил эфирімен жуады және тұнған тұнбаны фильтрлейді, изопропил спиртімен қайта кристалдау әдісімен бөліп алады. Нәтижесінде 0,92 г (70,1% теориялықтан) 1-(2-фенилэтил)-4-этинил-4-(п-фтор)бензоилоксипиперидин гидрохлориді (6) алынды, Тбалқу 188-1910С, Rf 0,84 (Al2O3, элюент - бензол : диоксан - 3:2).

1-(2-фенилэтил)-4-этинил--(4-о-фтор)бензоилокси пиперидин гидрохлориді (7).

Ыстық абсолютті диоксандағы 1 г (0,0044 моль) 1-(2-фенилэтил)-4-этинил-4-гидроксипиперидин (3) ерітіндісі мен 0,78 мл (0,0065 моль) 2-фтор-бензоилхлоридінің ыстық диоксандағы ерітіндісін араластырады. Реакциялық қоспаны бөлме температурасында ұстайды. Реакцияның жүру барысын ЖҚХ бойынша бақылайды. Еріткішті айдайды, қалдық затты диэтил эфирімен жуады және изопропил спиртімен қайта кристалдау әдісімен бөліп алады. Нәтижесінде 1,17 г (69,23% теориялықтан) 1-(2-фенилэтил)-4-этинил-4-(о-фтор)бензоилоксипиперидин гидрохлориді (7) алынды, $T_{балқу}$93-96 ^{0}C, Rf 0,91 (Al2O3, элюент – бензол:диоксан –3:2).

Тәжірибелік биологиялық бөлім. Микробқа қарсы (антимикробтық және фунгицидтік) белсенділікті in vitro анықтау Зерттеуді сұйық қоректік ортада қос сериялы сұйылту әдісімен жүргізді. Микробқа қарсы белсенділікті анықтау үшін Мюллер-Хинтон сорпасы, фунгицидтік белсенділікті анықтау үшін – RPMI 1640 ортасы қолданылды. Антибиотикке сезімталдылығын зерттеу үшін алынған орталар CLSI бойынша стандартталған және ұсынылған [11,12].

Сыналатын заттардың (СЗ) қосарланған сұйылту арқылы бірқатар сұйылтулары дайындалды. «Eppendorf» типті пробиркаға 0,5 мл-ден қоректік орта құяды. Қатардың бірінші пробиркасына 0,5 мл сыналатын заттың негізгі ерітіндісін қосты, 2000 мкг/мл жұмыс концентрациясын алды. Араластырып, екі есе сұйылта отырып, қатардың екінші пробиркасына 0,5 мл қосты. Екінші пробиркадағы концентрация 1000 мкг/мл құрады.

Дәл осылай соңғы концентрации - 0,125 мкг/мл болғанша екі еселенген сериялық сұйылтулар дайындалды. Әр қатарға үш бақылау пробиркаларын қойды: ортаны бақылау, еріткішті бақылау (теріс бақылау - 20 %-тік этанол немесе 20 %-тік ДМСО әртүрлі концентрациясының жасушаның өміршеңдігіне әсерін бақылау) және дақылдардың өсуін бақылау.

Ортаны бақылаудан басқа барлық пробиркаларға 0,05 мл сыналатын микроағза тест-штамын қосты.

Бактериялық дақылдары бар үлгілер 18-24 сағ 37 ± 1 °С кезінде инкубацияланды. Инкубациялану уақыты аяқталған соң тығыз қоректік ортасы бар Петри табақшасына себу жүргізілді. Дақылдары бар табақшларды термостатқа 37 ± 1 °С инкубациялану үшін 18-24 сағ салды.

Candida albicans және Aspergillus brasiliensis ATCC 16404 бар үлгілер 48-72 сағ кезінде 22 ± 1 °С температурада инкубацияланған. Инкубациялану уақыты аяқталған соң тығыз қоректік ортасы бар Петри табақшасына себу жүргізілді. Себуден кейін дақылдар бар табақшаларды термостатқа 22 ± 1 °С температурада 48-72 сағ инкубациялану үшін салды.

Барлық зерттеулер үш рет қайталаумен орындалды. Нәтижелерді есепке алу тығыз қоректік ортаның беттік қабатында микроағзалардың көзге көрінетін өсуі бойынша жүргізілді. Минималды бактерицидтік концентрация (МБК) деп микроағзалардың толық өсуін тоқтататын ең төменгі концентрацияны есептеді. Минималды бактерицидтік концентрация деп микроағзалардың өсуін тежейтін препарат концентрациясын есептейді.

Нәтижелер мен оны талдау. Жұмыстың мақсаты N-фенэтилпиперидин-4-он спиттерінің негізінде молекулаға ацилокситоптарды және қосымша фармакофорлық, сондай-ақ циклогексан, п-,м-,о-фторфенил фрагменттерін енгізу арқылы потенциалды биологиялық белсенді жаңа туындыларды синтездеуге негізделеді.

Изопропанолда аминокетонды (1) натрийборгидридімен тотықсыздандыру нәтижесінде сандық шығыммен Rf 0,38 ақ кристалды зат екіншілік спирт (2) синтезделініп алынды.

Фаворский әдісі бойынша атмосфералық қысымда техникалық ұнтақ КОН қатысында абсолютті тетрагидрофуран немесе сұйық аммиак ортасында 1-(2-фенилэтил)-4-оксопиперидиннің (1) ацетиленмен әрекеттесуі 1-(2-фенилэтил)-4-этинил-4-гидроксипиперидиннің (3) теориялықтан 75,0 % шығыммен түзілуіне әкелді.

Пиперидолдардың (2,3) ИҚ спектрінде 1720 см-1 аймағында бастапқы кетонға (1) тән карбонилдік топтың валенттік ығысу жұтылу жолақтары жойылды және гидроксил тобына тән 3608 см-1, 3600 см-1 аймағында жұтылу жолақтары пайда болды. Ацетиленді спирттегі (3) терминалді ацетиленді сутектің ºС-Н валенттік ығысулары 3239 см-1 аймағында байқалады. N-фенэтилпиперидиннің құрылымына циклогексан, фтор атомы, сондай-ақ, п-,м-,о-фторфенил фрагменттерін енгізу мақсатында екіншілік спирт (2) негізінде м-фтор-бензоилхлорид және циклогексанкарбонилхлоридтермен ацилдеу жүргізілді, сәйкесінше күрделі эфирлер түзілді (4,5), сонымен қатар ацетиленді спирт (3) негізінде п-фтор-, о-фтор-бензоилхлоридтармен ацилдеу реациясы жүргізілді, нәтижесінде сәйкес пара-, орто-фторбензой қышқылдарының (6,7) күрделі эфирлері синтезделді. Реакцияны хлороформ, диоксан ортасында бастапқы пиперидолдарға хлорангидридтің артық мөлшерімен әсер ету арқылы жүргізді.



Циклогексанкарбон қышқылының, пара-, мета-, орто-фторбензой қышқылдарының (4-7) күрделі эфирлері су, этанол, ацетонда жақсы еритін ақ, крем түсті кристалды заттар болып табылады.

Синтезделініп алынған қосылыстардың (4-7) құрамы мен құрылысы элементтік талдау, ИҚ спектроскопия, ЯМР ^{13}C спектроскопия мәліметтерімен, тазалығы – жұқа қабатты хроматографиямен дәлелденді (1,2 кесте).

Күрделі эфирлік топтың C=O ығысуына негізделген 1695-1726 $см^{-1}$ аймағындағы қарқынды жұтылу жолақтары циклогексанкарбон қышқылының және п-, м-, о-фторбензой қышқылдарының (4-7) мақсатты пиперидол-4 эфирлерінің түзілгенін көрсетеді (1 кесте).

2 кестеде 1-(2-фенилэтил-)-пиперидин-4-он спирттерінің күрделі эфирлерінің (4-7) көміртектік құрамын толық дәлелдейтін көміртектің химиялық ығысу шамалары келтірілген.

Күрделі эфирлердің түзілгенін әлсіз аймақта карбонилдік көміртек сигналының пайда болғаны көрсетеді (2 кесте), циклогексанкарбонилокситуындыларының (5) және п-, м-, о-фторбензоилокситуындыларының (4,6,7) ЯМР 13С спектрінде 162,12-164,23 м.ү. аймағында күрделі эфир карбонилі көміртегісінің синглетті сигналы кездеседі, С4 синглетті сигналы 64,33-72,45 м.ү. аймағында резонанс тудырады. Үштік байланыс кезіндегі С≡С көміртек атомдары 69,99-82,38 м.ү. аймағында көрінеді. Спектрлердің әлсіз өріс аймағында (116-167м.ү.) ароматты көміртек сигналдары шоғырланған. (4,6,7) қосылыстардағы фтор атомының әртүрлі орналасуын әлсіз өрістегі (160-167 м.ү.) сәйкес ароматты көміртек сигналдарының ығысуы растайды. 27,01-29,36 м.ү. сигналдар циклогексан сақинасындағы көміртектерге тиесілі. Сонымен қатар, пиперидинді циклдің 26,83-33,30 м.ү. және 46,99-48,27 м.ү. аралығында соңғысының баяу инверсиясымен байланысты $C_{3,5}$ және $C_{2,6}$ көміртектерінің сигналдарының дублетті жиынтығы байқалады.

ЯМР 13С спектрлерде азот атомындағы, сонымен қатар 4-жағдайдағы орынбасарлардың көміртек атомдары сигналдарының бар екендігі синтезделініп алынған күрделі эфирлердің (4-7) құрылымын толық дәлелдейді.

Биологиялық белсенділікті зерттеу. 1-(2-фенилэтил)-4-(м-фторбензоилокси)пиперидин гидрохлориді (4, МА-5), 1-(2-фенилэтил)-4-циклогексанкарбонилоксипиперидин гидрохлориді (5, МА-10) «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ микробиология зертханасында микробқа қарсы белсенділікке сыналды. Биологиялық сынақтардың нәтижелері 3,4 кестелерде келтірілген.

N-фенэтилпиперидиндік қатар туындыларының микробқа қарсы тиімділігін бағалау үшін in vitro тәжірибелерде сезімтал мұражайлық тест-штамм микроағзаларға микробқа қарсы/фунгицидтік белсенділігін зерттеу бойынша зерттеулер жүргізілді. Тест-штамм микроағзаларды таңдау грам оң және грам теріс микроағзалардың, сондай-ақ ашытқы мен зең саңырауқұлақ-

1 кесте - 1-(2-фенилэтил-)-пиперидин-4-он спирттерінің күрделі эфирлері гидрохлоридтерінің (4-7) шығымдары мен физика-химиялық сипаттамалары

Қосы-лыс	Шығым, %	Rf	Т.балқу., ^{0}C	ИҚ спектр, см-1			Брутто формула
				C=O	C≡C	≡C-H	
4	53,6	0,91	220-222	1724	-	-	$C_{20}H_{23}NO_2FCl$
5	73,2	0,89	180-183	1726	-	-	$C_{20}H_{30}NO_2Cl$
6	70,1	0,84 (бензол: диоксан)	188-191	1725	2103	3320	$C_{22}H_{23}NO_2FCl$
7	69,2	0,91 (бензол: диоксан)	93-96	1695	2281	3262	$C_{22}H_{23}NO_2FCl$

2 кесте - 1-(2-фенилэтил-)-пиперидин-4-он спирттерінің күрделі эфирлері гидрохлоридтерінің (4-7) ЯМР 13С спектріндегі көміртек атомының химиялық ығысу шамалары (d, м.ү.)

№	$C_{2,6}$	$C_{3,5}$	C_4	C=O	C≡O	R^1	CH_2CH_2Ph
4	46,99	26,98	66,08	164,23	-	3-фтор-Ph 116,15-126,28, 130,47, 132,48, 161,26	56,30; 30,13; 127,34-137,83
5	48,27	28,65	64,33	162,12	-	циклогексан 27,01-29,36	57,12; 30,08; 128,44-129,60
6	47,21	33,3	72,45	163,44	69,99, 82,53	4-фтор-Ph 116,41-132,93, 167,18	56,25; 30,04; 127,34-137,59
7	47,14	26,83	66,13	162,96	78,44, 82,38	2-фтор-Ph 117,46-125,12, 132,60, 135,52, 160,39	56,27; 30,06; 127,34-137,61

3 кесте – Сыналатын заттардың S. aureus ATCC 6538-P, E. coli ATCC 8739 қатысты минималды бактерицидтік концентрациясы

Концентрация СЗ, мкг/мл	Тест-штамм Staphylococcus aureus ATCC 6538-P		Тест-штамм Escherichia coli ATCC 8739		
	МА-5	МА-10	МА-5	МА-10	АМР
2000	-	-	-	-	-
1000	-	-	+*	-	+
500	+	-	+	-	+
250	+	+	+	+	+
125	+	+	+	+	+
63	+	+	+	+	+
31	+	+	+	+	+
16	+	+	+	+	+
8	+	+	+	+	+
4	+	+	+	+	+
2	+	+	+	+	+
1	+	+	+	+	+
0,5	+	+	+	+	+
0,25	+	+	+	+	+
0,125	+	+	+	+	+

Ескерту:
«АМР» - ампициллин, «+» – өсу бар; «-» – өсу жоқ;«*» – бактериостатикалық әсер.

4 кесте – СЗ C.albicans ATCC 10231 қатысты минималды фунгицидтік концентрациясы және A. brasiliensis ATCC 16404 қатысты бактерицидтік концентрациясы

Концентрация СЗ, мкг/мл	Тест-штамм Candida albicans ATCC 10231		Тест-штамм Aspergillus brasiliensis ATCC 16404		
	МА-5	МА-10	МА-5	МА-10	NS
2000	-	-	-	-	-
1000	-	-	-	-	-
500	+	-	-	-	-
250	+	+	-	-	-
125	+	+	-	-	-
63	+	+	+	+	-
31	+	+	+	+	-
16	+	+	+	+	+
8	+	+	+	+	+
4	+	+	+	+	+
2	+	+	+	+	+
1	+	+	+	+	+
0,5	+	+	+	+	+
0,25	+	+	+	+	+
0,125	+	+	+	+	+

Ескерту:
«АМР» - ампициллин, «+» – өсу бар; «-» – өсу жоқ;«*» – бактериостатикалық әсер.

тарының: S. aureus ATCC 6538-P, E. coli ATCC 8739, A. brasiliensis ATCC 16404 және C.albicans ATCC 10231 қолданылуына негізделді.

СЗ сезімтал микроағзалар S. aureus ATCC 6538-P, E. coli ATCC 8739, A. brasiliensis ATCC 16404 и C.albicans ATCC 10231 қатысты бактерияға қарсы және фунгицидтің белсенділіктерінің зерттеу нәтижелері 3,4 кестелерде келтірілген.

МА-10 үлгісі S.aureus ATCC 6538-P мұражайлық сезімтал тест-штамға қатысты микробқа қарсы белсенділік 500 мкг/мл минималды бактерицидтік концентрацияда көрсетті. МА-5 үлгісі 1000 мкг/мл концентрацияда стафилококк қарсы әсерге және бактериостатикалық әсерге (бактериялардың көбеюін тежейтін) ие. Салыстыру препараты – ампициллин антибиотигі осы тест-штамға қатысты 2000 мкг/мл концентрацияда бактерицидтік әсер көрсетті.

3 кестеде келтірілген мәліметтерден МА-10 500 мкг/мл концентрацияда E. coli ATCC 8739 тест-штамының өсуін және көбеюін тежейтінін көруге болады. МА-5 үлгісі 1000 мкг/мл концентрацияда E. coli ATCC 8739 тест-штамының өсуін тежейді және бактериостатикалық әсерге ие.

Осылайша, МА-5 препаратының мұражайлық сезімтал тест-штамм Staphylococcus aureus ATCC 6538-P және Escherichia coli ATCC 8739 қатысты микробқа қарсы белсенділігі салыстыру препараты ампициллиннен 2 есе асып түсті, ал МА-10 қосылысы 5 есе асып түсті.

4 кестеде фунгицидтің белсенділігінің деректері көрсетілген. МА-5 пен МА-10 үлгілерінің Candida albicans ATCC 10231 текті ашытқытәріздес саңырауқұлақтарға қатысты тест-штамның өсуін тежейтін, микоцидті концентрациясы 1000 мкг/мл құрады. Салыстыру препараты – нистатин, осы тест-штамға қатысты 31 мкг/мл концентрацияда тиімді.

4 кестеде көрсетілген, МА-5 пен МА-10 қосылыстарының зең саңырауқұлағына, мұражайлық тест-штамм A. brasiliensis ATCC 16404 қатысты фунгицидтік белсенділігі минималды фунгицидтік концентрацияны – 125 мкг/мл құрады. Салыстыру препараты – нистатин де фунгицидтік әсерді 31 мкг/мл концентрацияда көрсетеді.

Қорытынды. Изопропанолда 1-(2-фенилэтил)-4-оксопиперидинді натрийборгидридімен тотықсыздандыру нәтижесінде сәйкес екіншілік спирт синтезделді, ары қарай м-фтор-бензоилхлорид және циклогексанкарбонилхлоридтермен ацилдеу арқылы күрделі эфирлердің гидрохлоридтері синтезделді.

Фаворский әдісі бойынша N-фенэтил-пиперидин-4онның ацетиленмен әрекеттесуімен 1-(2-фенилэтил)-4--этинил-4-гидроксипиперидин түзілді, ары қарай п-фтор-, о-фтор-бензоилхлоридтермен ацилдеу нәтижесінде пара-, орто-фторбензой қышқылдарының күрделі эфирлері синтезделді.

МА-5 препаратының мұражайлық сезімтал тест-штамм Staphylococcus aureus ATCC 6538-P және Escherichia coli ATCC 8739 қатысты микробқа қарсы белсенділігі салыстыру препараты ампициллиннен 2 есе, ал МА-10 қосылысы 5 есе жоғары, фунгицидтік белсенділігі

бойынша зерттелінген қосылыстар салыстыру препараты нистатинге қарағанда төмен болды.
In vitro тәжірибесінде жүргізілген микробиологиялық зерттеулер барысында МА-5, МА-10 шифрлы 1-(2-фенилэтил-)-пиперидин-4-он спирттерінің күрделі эфирлері тәжірибеге алынған микроағзалардың мұражайлық штамдарына қатысты тиімділік көрсетті, ары қарай:
- Staphylococcus aureus қоздырғышымен күресу заты ретінде;
- Escherichia coli қоздырғышымен күресу заты ретінде;
- C.albicans қоздырғышымен күресу заты ретінде
-A. brasiliensis қоздырғышымен күресу заты ретінде терең зерттеулер үшін перспективті болып табылады. Осылайша N-фенэтилпипериндиндердің құрылымына циклогексан, 3-фторфенил фрагменттерін бағытты енгізу инфекцияға/микробқа қарсы белсенді қосылыстардың түзілуіне әкелді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Global Health Estimates 2016: Deaths by Cause, Age, Sex, by Country and by Region, 2000-2016. Geneva, World Health Organization; 2018. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/the-top-10-causes-of-death
2 Боровик С.П. Устойчивость к антибиотикам: как это стало глобальной угрозой для общественного здоровья? [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.umj.com.ua/article/79582/ustojchivost-k-antibiotikam-kak-eto-stalo-globalnoj-ugrozoj-dlya-obshhestvennogo-zdorovya
3 Transatlantic taskforce on antimicrobial resistance (TATFAR). [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www.cdc.gov/drugresistance/tatfar/index.html
4 Tacconelli E., Carrara E., Savoldi A., Harbard S., Mendelson M. et al. Discovery, research, and development of new antibiotics: the WHO priority list of antibiotic-resistant bacteria and tuberculosis // Lancet Infect. Dis. - 2018. - Vol. 18., No 3. - P. 318-327
5 Tackling drug-resistant infections globally: final report and recommendation. The review on antimicrobial resistance. – May, 2016. – 81 p.
6 P.M. Weintraub, J.S. Sabol, J.M. Kane, D.R. Borcherding. Recent advances in the synthesis of piperidones and piperidines // Tetrahedron. – 2003. – V. 59 – P.2953–2989. doi:10.1016/S0040-4020(03)00295-3
7 Пралиев К.Д., ЮВ.К. Синтетические методы функционализации С- и N-замещенных 4-оксопиперидинов. Новые фармакологически активные соединения //Хим. журн. Казахстана – 2005. - №4. - С.186-207.
8 Pichkhadze G. M., Smagulova G.S., Kadyrova D.M., Praliev K.D. , Yu V. K. Local Anesthetic Activity of a Promising Piperidine Derivative (LAS-54) in Combination with Epinephrine//Pharmaceutical Chemistry Journal December 2016, Volume 50, Issue 9, pp 600–602 DOI: 10.1007/s11094-016-1498-7. IF 0,461
9 Sharipov R. A., Sharapov K. S., Kemelbekov U. S. , Volynkin V. A, Yu V. K. The structure and pharmacological properties of the 4-acetoxy-1-(2-ethoxyethyl)-4-phenylpiperidine inclusion complex with β-cyclodextrin //Journal of Inclusion Phenomena and Macrocyclic Chemistry, 2016. – 20 December. pp 1–8. DOI: 10.1007/s10847-016-0685-1. IF 1.253
10 Sadyrbayeva F.M., Akhmetova G.S., Praliyev K.D., Osman H., Korotetskaya N.V. New Anti-Infective Preparations of Naphthyloxypropargylpiperidine Series //Eurasian Chemico-Technological Journal - 2017.- V. 19, №.2.- P. 183-190.
11 CLSI M100-S25. Performance Standards for Antimicrobial Susceptibility Testing / CLSI, 2015. – Vol. 35 – No 3. – 236 p.
12. CLSI M27-A2. Reference Method for Broth Dilution Antifungal Susceptibility Testing of Yeast. / CLSI, 2002. – Vol. 22 – No. 15. – 51 p.

REFERENCES

1 Global Health Estimates 2016: Deaths by Cause, Age, Sex, by Country and by Region, 2000-2016. Geneva, World Health Organization; 2018. [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/the-top-10-causes-of-death
2 Borovik S.P. Ustojchivost' k antibiotikam: kak jeto stalo global'noj ugrozoj dlja obshhestvennogo zdorov'ja? [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: http://www.umj.com.ua/article/79582/ustojchivost-k-antibiotikam-kak-eto-stalo-globalnoj-ugrozoj-dlya-obshhestvennogo-zdorovya
3 Transatlantic taskforce on antimicrobial resistance (TATFAR). [Jelektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: http://www.cdc.gov/drugresistance/tatfar/index.html
4 Tacconelli E., Carrara E., Savoldi A., Harbard S., Mendelson M. et al. Discovery, research, and development of new antibiotics: the WHO priority list of antibiotic-resistant bacteria and tuberculosis // Lancet Infect. Dis. - 2018. - Vol. 18., No 3. - P. 318-327
5 Tackling drug-resistant infections globally: final report and recommendation. The review on antimicrobial resistance. – May, 2016. – 81 p.
6 P.M. Weintraub, J.S. Sabol, J.M. Kane, D.R. Borcherding. Recent advances in the synthesis of piperidones and piperidines // Tetrahedron. – 2003. – V. 59 – P.2953–2989. doi:10.1016/S0040-4020(03)00295-3
7 Praliev K.D., JuV.K. Sinteticheskie metody funkcionalizacii S- i N-zameshhennyh 4-oksopiperidinov. Novye farmakologicheski aktivnye soedinenija //Him. zhurn. Kazahstana – 2005. - №4. - S.186-207.
8 Pichkhadze G. M., Smagulova G.S., Kadyrova D.M., Praliev K.D. , Yu V. K. Local Anesthetic Activity of a Promising Piperidine Derivative (LAS-54) in Combination with Epinephrine//Pharmaceutical Chemistry Journal December 2016, Volume 50, Issue 9, pp 600–602 DOI: 10.1007/s11094-016-1498-7. IF 0,461
9 Sharipov R. A., Sharapov K. S., Kemelbekov U. S. , Volynkin V. A, Yu V. K. The structure and pharmacological properties of the 4-acetoxy-1-(2-ethoxyethyl)-4-phenylpiperidine inclusion complex with β-cyclodextrin //Journal of Inclusion Phenomena and Macrocyclic Chemistry, 2016. – 20 December. pp 1–8. DOI: 10.1007/s10847-016-0685-1. IF 1.253
10 Sadyrbayeva F.M., Akhmetova G.S., Praliyev K.D., Osman H., Korotetskaya N.V. New Anti-Infective Preparations of Naphthyloxypropargylpiperidine Series //Eurasian Chemico-Technological Journal - 2017.- V. 19, №.2.- P. 183-190.
11 CLSI M100-S25. Performance Standards for Antimicrobial Susceptibility Testing / CLSI, 2015. – Vol. 35 – No 3. – 236 r.
12. CLSI M27-A2. Reference Method for Broth Dilution Antifungal Susceptibility Testing of Yeast. / CLSI, 2002. – Vol. 22 – No. 15. – 51 r.

Вклад авторов. Все авторы принимали равносильное участие при написании данной статьи.
Конфликт интересов – не заявлен.
Данный материал не был заявлен ранее, для публикации в других изданиях и не находится на рассмотрении другими издательствами. При проведении данной работы не было финансирования сторонними организациями и медицинскими представительствами. Финансирование – Работа выполнена в рамках МВД РК № BR18574042

Авторлардың үлесі. Барлық авторлар осы мақаланы жазуға тең дәрежеде қатысты.
Мүдделер қақтығысы – мәлімделген жоқ.
Бұл материал басқа басылымдарда жариялау үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған. Осы жұмысты жүргізу кезінде сыртқы ұйымдар мен медициналық өкілдіктердің қаржыландыруы жасалған жоқ. Қаржыландыру - Жұмыс МҚП ҒК БҒМ ҚР № BR18574042 аясында орындалды.

Authors' Contributions. All authors participated equally in the writing of this article.
No conflicts of interest have been declared.
This material has not been previously submitted for publication in other publications and is not under consideration by other publishers. There was no third-party funding or medical representation in the conduct of this work. Funding - The work was carried out within the framework of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan No. BR18574042.

Сведения об авторах:
Максатова Аяулым Максатовна – PhD докторант, НАО «Казахский национальный медицинский университет им. С.Д.Асфендиярова», Алматы, Казахстан, e-mail: aika-172_92@mail.ru , +7 775 370 70 19; ORCID: 0000-0001-6976-6096
Ахметова Гульмира Сериковна – доктор химических наук, АО «Институт химических наук им. А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан, e-mail: gulgakhmet@mail.ru, ORCID: 0000-0002-9074-1464
Пралиев Қалдыбай Джайловович – доктор химических наук, профессор, академик НАН РК, АО «Институт химических наук им. А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан, e-mail: praliyevkd@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0381-7481
Датхаев Убайдилла Махамбетович –доктор фарм.наук, профессор, НАО «Казахский национальный медицинский университет им. С.Д.Асфендиярова», Алматы, Казахстан, e-mail: u.datkhayev@gmail.com, ORCID:0000-0002-2322-220X
Омырзаков Манас Тоқтасынович – докторPhD, НАО «Казахский национальный медицинский университет им. С.Д.Асфендиярова», Алматы, Казахстан, e-mail: manas.88@mail.ru, ORCID:0000-0002-2665-178X
Джумагазиева Ардак Бисенбаевна - докторPhD, АО «Научный центр противоинфекционных препаратов», Алматы, Казахстан, e-mail: r_dawa@mail.ru, ORCID: ORCID: 0000-0002-8610-7321
Искакбаева Жанар Алибаевна – магистр, АО «Научный центр противоинфекционных препаратов», Алматы, Казахстан, e-mail: zhanara_07_74@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7428-0074
Сейлханов Толеген Мұратович - профессор, Кокшетауский государственный университет имени Ш.Уалиханова, Казахстан, e-mail: tseilkhanov@mail.ru, ORCID: 0000-0003-0079-4755

Получена: 09 февраля 2023 / Принята: 12 апреля 2023 / Опубликована online: 30 апреля 2023 г.
УДК: 616.5-002
DOI 10.53511/PHARMKAZ.2023.26.41.018

А.С. Соколенко[1], Г.Д. Даулет[2], Е. Сычева[3], Л.К. Бактыбаева[2], А.Е. Малмакова[3], В.К. Ю[3]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан
[3]АО «Институт химических наук имени А.Б.Бектурова, г. Алматы, Казахстан

ЛЕЙКОПОЭЗСТИМУЛИРУЮЩИЕ СВОЙСТВА ПИПЕРАЗИНСОДЕРЖАЩИХ СОЕДИНЕНИЙ

Резюме: *Пиперазиновая группа (гексагидропиразин, диэтилендиамин) относится к алифатическим циклическим аминам и является структурным фрагментом ряда лекарств: анальгетиков, спазмолитиков, психотропных веществ (френолон, трифтазин) и некоторых противоопухолевых препаратов (дипин, проспидин, спиразидин). Также стимулом для поиска нового эффективного лейкопоэзстимулирующего и иммуностимулирующего препарата среди пиперазиновых соединений явилось проявление широкого спектра активности препаратом Полиоксидоний. Препарат обладает широким спектром фармакологического воздействия: лейкопоэзстимулирующим, иммуностимулирующим, детоксицирующим, антиоксидантным и мембранопротекторным. Соединение 1,5-бис(4-(4-метилпиперазин-1-ил)бут-2-инилокси)нафтален (БИВ-143) обладало высокой лейкопоэз-, эритропоэз- и тромбоцитопоэзстимулирующей активностью, превышая активность препарата сравнения левамизол. Соединение БИВ-143 выражено стимулировало внутриклеточную микробицидную активность, эффективность ферментных систем полинуклеаров и потенциировало адгезивные свойства фагоцитарных клеток.*
Ключевые слова: *лейкопоэзстимулирующие препараты, новосинтезированные соединения, пиперазиновая группа, тромбоцитопоэзстимулирующая активность, БИВ-143.*

A.S. Sokolenko[1], G.D. Daulet[2], E. Sycheva[3], L.K. Baktybaeva[2], A.E. Malmakova[3], V.K. Yu[3]
[1]Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[3]A.B.Bekturov Institute of Chemical Sciences, Almaty, Kazakhstan

LEUKOPOEZIN STIMULATING PROPERTIES OF PIPERAZINE-CONTAINING COMPOUNDS

Resume: The piperazine group (hexahydropyrazine, diethylenediamine) belongs to aliphatic cyclic amines and is a structural fragment of a number of drugs: analgesics, antispasmodics, psychotropic substances (frenolon, triftazin) and some anticancer drugs (dipine, prospidin, spirazidine). Also, the stimulus for the search for a new effective leukopoiesis-stimulating and immunostimulating drug among piperazine compounds was the manifestation of a wide spectrum of activity by the drug Polyoxidonium. The drug has a wide range of pharmacological effects: leukopoiesis-stimulating, immunostimulating, detoxifying, antioxidant and membrane-protective. The compound 1,5-bis(4-(4-methylpiperazin-1-yl)but-2-ynyloxy)naphthalene (BIV-143) had a high leukopoiesis, erythropoiesis and thrombopoiesis-stimulating activity, exceeding the activity of the reference drug

А.С. Соколенко[1], Г.Д. Дәулет[2], Е.Сычева[3], Л.К. Бақтыбаева[2], А.Е. Малмакова[3], В.К. Ю[3]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]А.Б.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты, Алматы, Қазақстан

ҚҰРАМЫНДА ПИПЕРАЗИН БАР ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ ЛЕЙКОПОЭЗИННІҢ ЫНТАЛАНДЫРУШЫ ҚАСИЕТТЕРІ

Түйін: Пиперазин тобы (гексагидропиразин, диэтилендиамин) алифатикалық циклді аминдерге жатады және бірқатар дәрілік заттардың құрылымдық фрагменті болып табылады: анальгетиктер, спазмолитиктер, психотроптық заттар (френолон, трифтазин) және кейбір ісікке қарсы препараттар (дипин, проспиразидин, спидин). Сондай-ақ, пиперазинді қосылыстар арасында жаңа тиімді лейкопоэзді ынталандыратын және иммуностимуляциялайтын препаратты іздеуге ынталандыру Polyoxidonium препаратының кең спектрлі белсенділігінің көрінісі болды. Препарат фармакологиялық әсерлердің кең спектріне ие: лейкопоэзді ынталандырушы, иммуностимуляциялаушы, детоксикациялаушы,

levamisole. The BIV-143 compound strongly stimulated intracellular microbicidal activity, the efficiency of polynuclear enzyme systems, and potentiated the adhesive properties of phagocytic cells.
Keywords: leukopoiesis-stimulating drugs, newly synthesized compounds, piperazine group, thrombocytopoiesis-stimulating activity, BIV-143.

антиоксидантты және мембраналық қорғаныс. 1,5-бис(4-(4-метилпиперазин-1-ил)бут-2-инилокси) нафталин (BIV-143) қосылысы эталондық препараттың белсенділігінен жоғары лейкопоэз, эритропоэз және тромбопоэзді ынталандыратын белсенділікке ие болды. левамизол. BIV-143 қосылысы жасушаішілік микробицидтік белсенділікті, полиядролық ферменттер жүйесінің тиімділігін қатты ынталандырды және фагоцитарлық жасушалардың адгезиялық қасиеттерін күшейтті.
Түйінді сөздер: лейкопоэзді ынталандыратын препараттар, жаңадан синтезделген қосылыстар, пиперазин тобы, тромбоцитопоэзді ынталандыратын белсенділік, BIV-143.

Введение. Потребность фармацевтического рынка в новых лейкопоэзстимулирующих препаратах и в препаратах, стимулирующих факторы врожденного иммунитета, широкая. В соответствии с последним посланием президента Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевича Токаева – одним из приоритетных направлений развития индустриальных направлений страны является развитие фармацевтической промышленности с внедрением в производство собственных разработок фармакологической науки. Разработкой и синтезом новых препаратов многие годы занимается лаборатория химии синтетических и природных лекарственных веществ Института химических наук имени А.Б. Бектурова, проведением доклинических испытаний новосинтезированных соединений занимается кафедра биофизики, биомедицины и нейронауки Казахского национального университета имени аль-Фараби. Цель данного исследования - это поиск иммуностимулирующих препаратов среди соединений с пиперазиновыми радикалами. Стимулом для поиска нового эффективного лейкопоэзстимулирующего и иммуностимулирующего препарата среди пиперазиновых соединений явилось проявление широкого спектра активности препаратом Полиоксидоний [1]. Препарат обладает широким спектром фармакологического воздействия: лейкопоэзстимулирующим, иммуностимулиру ющим, детоксицирующим, антиоксидантным и мембранопротекторным. Также, пиперазиновая группа (гексагидропиразин, диэтилендиамин) относится к алифатическим циклическим аминам и является структурным фрагментом ряда лекарств: анальгетиков, спазмолитиков, психотропных веществ (френолон, трифтазин) и некоторых противоопухолевых препаратов (дипин, проспидин, спиразидин).

На сегодняшний день, группу химически чистых лейкопоэзстимулирующих и иммуностимулирующих препаратов представляют низко- и высокомолекулярные соединения. Одним из наиболее доступных и широкоприменяемых препаратов является левамизол (декарис) – фенилимидазотиазол, известное противоглистное средство, у которого в последующем были выявлены выраженные лейкопоэзстимулирующие и иммуностимулирующие свойства. Он является одним из первых лекарственных средств, разрешенных к медицинскому применению в США и странах Западной Европы в качестве иммуностимулятора [2]. Левамизол влияет на уровень циклических нуклеотидов в лимфоцитах, стимулирует процесс созревания Т-лимфоцитов аналогично действию тимусных гормонов. Влияние левамизола на цитотоксичность Т-киллеров реализуется через макрофаги. При этом метаболит левамизола dl-2-окси-3 (2-меркаптоэтил)-5-фенилимидазилидин почти в 4 раза активнее левамизола. Левамизол повышает пролиферацию, фагоцитарную активность мононуклеарных фагоцитов. Близким по химической структуре к левамизолу является дибазол (2-бензилбенимидазола гидрохлорид), обладающий иммуностимулирующими свойствами [3]. К высокомолекулярным химически чистым лейкопоэз- и иммуностимуляторам относится препарат Полиоксидоний (сополимер N-окси-1,4-этиленпиперазина и (N-карбокси) -1,4-этиленпиперазиния бромида) [4]. Препарат обладает широким спектром фармакологического воздействия: лейкопоэзстимулирующим, иммуностимулирующим, детоксицирующим, антиоксидантным и мембранопротекторным. Также, пиперазиновая группа (гексагидропиразин, диэтилендиамин) относится к алифатическим циклическим аминам и является структурным фрагментом ряда лекарств: анальгетиков, спазмолитиков, психотропных веществ (френолон, трифтазин) и некоторых противоопухолевых препаратов (дипин, проспидин, спиразидин). Все вышеперечисленные активные препараты явились стимулом для поиска новых лейкопоэзстимулирующих и иммуностимулирующих соединений среди азагетероциклических соединений с включением пиперазиновой группы.

Задачи исследования: 1.Исследовать соединения 141, 142, 143 на эритропоэз, троибоцитопоэз и лейкоцитопоэзстимулирующую активность. 2. Исследовать соединения 141, 142, 143 на способность стимулировать микробицидную, адгезивную активность у полинуклеар.

Грантовое финансирование – лаборатория химии синтетических и природных лекарственных веществ АО

«Институт химических наук им. А.Б. Бектурова», ПЦФ BR10965255

Материалы и методы. На исследование поступило 4 соединения под шифром БИВ: БИВ-140, БИВ-141, БИВ-142, БИВ-143. Все соединения синтезированы АО «Институт химических наук им. А.Б. Бектурова».

Методы исследований. Исследование гемограммы периферической крови. Миелостимулирующую активность соединений проводили на модели циклофосфамидной панцитопении. Модель была выбрана в виду приоритетного использования миелопоэзстимулирующих препаратов у онкологических больных после проведенной химио- и лучевой терапии.

Для исследований использовали 56 взрослых лабораторных крыс-альбиносов 12-18-недельного возраста массой 210-280 г. Животные были получены одновременно из одного питомника - биологической клиники факультета биологии и биотехнологии Казахского национального университета им. аль-Фараби. Исследования проводились в соответствии с «Правилами проведения доклинических (неклинических) исследований биологически активных веществ» [5] и полученного одобрения от локального этического комитета Высшей школы общественного здравоохранения Казахского национального университета имени аль-Фараби. Все животные содержались в одинаковых условиях (древесная подстилка с опилками, температура в помещении 22-24°С, режим естественного освещения из окон, кормили стандартным кормовым рационом (Delta Feeds Корм для лабораторных крыс и мышей полнорационный гранулированный адаптогенный (SPF), артикул С-19. 2500 ккал/кг, содержание протеина 19%. www.biopro-company.tiu.ru).

Қазақстанның бірегей табиғат кешендерін, жануарлары мен өсімдіктерінің сирек кездесетін түрлерін табиғи жағдайда сақтап қалу үшін қорықтар мен ұлттық парктер ұйымдастырылған [3]. Сондай мақсатта құрылған ұлттық парктердің бірі әрі бірегейі – Сайрам-Өгем мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі болып табылады. Ұлттық парк Батыс Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік-батыс бөлігінен орын тепкен. Қаржантау, Қазығұрт, Өгемжәне Боралдайтау жоталарында орналасқан. Мұндағы өсімдіктердің тіршілік ету ұзақтығы да өте ауқымды [2]. Осы орайда, «Сайрам-Өгем мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі» аумағында кездесетін, химиялық құрамы бойынша дәрілік препараттарды өндіруде өте құнды болып табылатын эндем Ferula tenuisecta Korovin. өсімдігін зерттеу біздің қызығушылығымызды тудырды. Ол соңғы рет шет елдік ғалымдар Fadia S. Youssef және т.б. еңбектерінде ферула түрлерінен алынған негізгі майларды химиялық өңдеу еңбектерінде кездессе [4], сонымен қатар Р.М. Халилов және т.б. ғалымдар еңбектерінде осы түрдің тамырынан гормондық препараттар, күрделі эфирлер бөліп алу мәліметтері келтірілген [5, 6, 7].

Зерттеу әдістері мен материалдар. Біздің алдымызда тұрған негізгі мақсат: ұлттық парк аумағының шатқалдарында кездесетін Ferula tenuisecta Korovin. және оның серіктес түрлерінің фитоценотикалық ерекшеліктерін зерттеу. Қойылған мақсатқа жету жолында мынандай міндеттер нақтыланды:

Гербарий материалдарын жинау және өңдеу;

F.tenuisecta және оның серіктес түрлеріне таксономиялық, жүйелік, экологиялық, биоморфологиялық және географиялық тұрғыдан талдау жасау.

Зерттеу объектісі. Батыс Тянь-Шаньның қазақстандық бөлігі (Қапжайлау, Сайрамсу шатқалдары мен Көкбұлақ орман айналымы) зерттеу аймағындағы Apiaceae тұқымдасының эндем өсімдігі Ferula tenuisecta Korovin. Сайрам-Өгем МҰТП-ң физико-географиялық сипаттамасы, геологиялық құрылымы. Жалпы Батыс Тянь-Шань тауларында таскөмір (ортатаскөмір) тау жыныстары кеңінен таралған, сондай-ақ девон дәуіріндегілер болып табылады. Олардың көпшілігі әк, туфтар, мергель, сланецтер және құмдар түрінде кездеседі. Өгем жотасында негізінде таскөмір, гранит, граносиенит жиі кездеседі. Олар өзіне тән топырақ және өсім-

дік жамылғысы бар биіктаулы плато құрайды. Өгем жотасының оңтүстік-батыс бөлігінде әк, алевролит, құмдақ және конгломерат кездеседі. Өзен аңғарындағы биік жағалаулардан палеогендік, неогендік, жиі бөлінбеген, өзінің ашық түстерімен көрінетін қалдықтар жиі кездеседі. Олар ақ, қызыл, ала шұбар–қызыл, саз балшықтар, көбіне құмдар мен құмшықтар қабаттарынан тұрады [8].

Рельефі. Парктің территориясы Батыс Тянь-Шань жүйесіне қатысты солтүстік-шығыс жағдайында және осы жүйеге кіретін Талас Алатауының оңтүстік-батысында жайласқан - Өгем, Қаржантау, Қазығұрт, Боралдайтау тауларында жайласқан. Қаржантау жотасы Келестен ағып келетінтау аңғарларының арасымен ағып өтетін Өгем өзенін жазықтықтан бөліп тұрады. Өгем өзені өте тар және терең құздардан өтіп, Шыршық өзеніне келіп құяды. Шатқалдың оңтүстік-шығыс жағы қысқа және өте тік жар болып келсе, ал солтүстік-батыс жағы жазық болып келеді, әрі бірнеше өзендермен бөлініп жатады. Қаржантау тауының солтүстік-батысында Қазығұрт тауы орналасқан. Ол Бадам мен Келес өзенінің арасын бөліп тұрады. Қаржантау жотасының Оңтүстік-Шығыс жағында Өгем жотасы орналасқан. Батыс Тянь-Шань деп оның тау түйінен батыс тарапқа созылып Талас Алатауының және Шатқал шоққыларымен түйіскен бөлігін және солтүстік-батысында Фергана (Атойнок) шоққыларымен түйіскен жерін айтамыз. Ол 720 ұзындықта орналасқан. Батыс Тянь-Шаньның негізгі орографиялық оғы болып, өте қуатты және тұрақты түрде қармен жабылып жататын Талас Алатауы болып табылады. Шатқал жотасы оған параллель бағыттағы Құрман, Сандалаш, қысқа Майдантал, Пскем, Өгем жоталары және одан бөлініп шығатын Қаржантау жотасымен байланысқан. Осы шоққыларСырдария жазығына дейін Шулы деп аталатын жазықтықпен жалғасады. Талас Алатауының батыс бөлігінен және солтүстік құздарынан орталық биіктікте болған Қаржантау шоққысы бөлініп шығады. Ол солтүстік-батыс бағытта 380 км қашықтықта орналасқан Тұран ойымен түйіседі. Үлкен Қаржантаудың солтүстік-шығыс бағытында оған паралель болып Кіші Қаржантау созылып жатыр [8].

Климаттық жағдайлары.Түркістан облысы 400 20/ – 460 00/ с.е. және 640 48/ – 710 16/ ш.б. аралығында орналасып, үлкен территорияны алып жатыр. Ұлттық парктің ауа-райы оның жер рельефіне байланысты біркелкі емес (дала, тау бөктері және таулар) және ендігі бойынша ұзындығы үлкен аумақта орналасқандықтан әртүрлі өзіндік айырмашылықтары бар. Ауа-райы жылудың көптілігімен, құрғақшылықпен, сондай-ақ континентальдылығымен ерекшеленеді. Жоғарғы континентальды болуы ауа-райы, күн мен түннің, жаз бен қыстың күрт жылудың өзгерістерін көрсетеді. Жылы кезең орташа тәулік температурасы 00С жоғары 8 айға созылады. Жазы ыстық болып келеді, сонымен қатар құрғақ және ұзақ. Еңыстықмаусымайындаорташатемпературасы 210-290С болса, абсалюттікжоғарғы температура – 400С жетеді. Қысыжұмсақ, жиіжылылықтүсіптұрады. Еңсуықай – қаңтарайы болып табылады, оның орташатемпературасы – 11,50С абсалюттіктөменгі температура – 300С жетеді. Температураның абсалюттік жылдықамплетудасы – 870С жетеді. Гидрологиясы. Қарастырып отырған жоталардың су тораптары өте көп болып табылады. Өзендер екі су бассейніне қарайды, яғни оңтүстік-батысы Сырдарияға қараса, солтүстік-шығысы Шуға және бөліп тұрған Қаратау жотасына[9]. Бірақ Қаратау мен Батыс Тянь-Шанның жоталарынан көп өзендер ағып өткенімен, олардың ішінен тек Арыс пен Келес қана Сырдарияның арнасына жетеді. Алғашқыда Қолбастау өзенінен бастау алған Арыс өзені Талас Алатауы мен Қаратаудың аралығында орналасқан. Жоғарғы ағысында суды жерасты суларымен қарлардан алса, ал Жабағылысу өзені құйылған кезде мұздықтар мен қар суымен толады. Наурыз бен сәуір айлары су көлемінің көбейген кезі болса, ал ең аз кезі – қараша, ақпан айларына сәйкес келеді. Қаржантаудың жоталарындағы бұлақтардан бастау алатын Келес – Сырдарияның екінші құйылмасы болып табылады. Ол тек жерасты сулары мен қарлардан толады.Наурыз айында судың азаюы жүреді. Келес өзенінің суы жаз маусымында суаруға жұмсалады. Суғаруға өзен суының көбеюі өте маңызды рөл атқарады. Ақсу, Жабағылысу, Сайрам және Өгем мұздықтардан бастау алатын өзендер. Маусымшілде айларында қарлар мен мұздықтар еріген кезде судың ең жоғарғы көлемі болады.Бұл қарастырылып отырған аумақта көлдер саны аз. Мақпал, Сайрамсукөл, Сусіңген және Балықтыкөл атты шағын ғана көлдер бар.Шақпақ шатқалындағы бұлақтардан бастау алатынАрыс өзені ірі өзендердің бірі болып табылады. Машат өзені Келтемашат және Ұзынмашат өзендерінің қосылуынан пайда болған. Бұл өзендердің суы сәуір айындакөбейіп, шілде, тамыз айларында азаяды. Сонымен қатар бұл өзендерден басқа Сайрамсу, Қасқасу, Бадам, Келес, Өгем өзендері аумақтың су ресурстарын құрауға өз үлестерін қосады [9].

Топырағы, бес аймаққа бөліп қарастыруға болады:

1. Бірінші биік таулы нивальды аймақты қарастырсақ, мұнда өсімдік жамылғысы жоққа тән десек болады.
2. Биіктаулы шалғындыжәне шалғынды-далалы аймақ, альпілік және субальпілік. Альпілік белдеу – топырақты және өсімдікті қабат тегіс баурайларда, сондай-ақ топырақ түзуші субстратпен бірге кездеседі. Альпілік шалғын және шалғынды-далалы жерлерде қысқа шөпті өсімдік жамылғысы өседі.Сонымен қатар таулы-шалғынды альпілік гидроморфты топырақтар кездеседі.Субальпілік белдеуде топырақты-өсімдік жамылғысы сирек, альпілік белдеумен салыстырғанда айтарлықтай аз. Өсімдіктердің құрамында сирек шөпті субальпілік шалғын және шалғынды жерлер бар [9, 10, 11]. Топырақтар биік таулы-шалғынды далалы субальпілік, таулы-шалғынды субальпілік, биіктаулы-далалы субальпілік, сонымен қатар биіктаулы қара түсті топырақ түрінде кездеседі.

3. Таулы және тауалды аймақ аршалы сирек тоғайлы, бұталы және күрделі бұталы саванналар–таулы қоңыр топырақтан құралған топырақ жамылғысымен ерекшеленеді, сонымен қатар солтүстік экспозицияда құрғақ аршалы сирек ормандармен бірге кездеседі. Екінші қабаты сұр-қоңыр топырақ болып келеді. Ал аршалы және жапырақты ормандардың астында солтүстік баурайда таулы-орманды қара-қоңыр топырақтың кездесуімен ерекшеленеді [12].

4. Тауалды аймақ - топырақты жамылғы сұр қоңыр, карбонатты топырақтан тұруымен ерекшеленеді. Борлы және неоген-палеоген дәуіріндегі сұр-қоңыр топырақтар кездесуі де өзіне тән ерекшелігі. Рельефтің төмендеуімен шалғынды сұр-қоңыр топырақтар ұшырасады.

5. Таулы-далалы аймақ - өсімдік жамылғысы әр түрлі шөпті, бұталы, шабындық аймақ солтүстік бөлігінде орналасқан. Оңтүстік аймағында көбіне бұталы ксерофиттер кездессе, сонымен қатар құрғақ алуан түрлі шөптесін өсімдіктер де ұшырасады [9, 10, 11]. Абсолютті биіктігі төмендеген сайын тауалды аймағының әр түрлі шөптесін өсімдіктері құрғақ, қара-қоңыр топырақта өседі, ал одан төмен жерлерде шөлді аймақты ашық-қоңыр топырақты кездестіруге болады [12].

Жоғарыда қойылған мақсатқа қол жеткізіп, нақтыланған міндеттерді шешу жолында жұмыста геоботаникалық зерттеулердің дәстүрлі әдістері, құрылымдық ботаника әдістері қолданылды. Ең алдымен ценопопуляциялар кездесетін өсімдіктер қауымдастықтарының флоралық құрамының тізімін жасауда тұқымдастар А. Энглер жүйесі бойынша жүйеленіп келтірілді. Ал өсімдік түрлерінің номенклатурасы Абдулина (1999) [13] және Черепанов (1995) [7] бойынша жасалынды. Өсімдік түрлерінің қазақша атаулары Арыстанғалиев және Рамазанов (1977) [14] бойынша берілді. Өсімдіктер түрлерін анықтау үшіннұсқаулық ретінде «Қазақстан флорасы» (1956) [1] мен «Иллюстративный определитель растений Казахстана» (1969) [15] қолданылды. Гербарий материалдары үшін өсімдіктерді жинау және кептіру Скворцов (1977) [16] бойынша жасалынды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Қазақстанның Батыс Тянь-Шань бөлігінің эндем өсімдігі Ferula tenuisecta Korovin. дәрілік өсімдігі туралы зерттеулер Қазақстанның ботаника ғылымы аясында кездеспейді. Аласа таулардың орталық белдеуінің тасты және шалғынды бөктерлерінде өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік Ferula tenuisecta Korovin. статусы бойынша эндем, дәрілік, жем-шөптік болып табылады. Ол мамыр-маусым айларында гүлдесе, ал маусым-шілде айларында жемісінің пісуі байқалады.

Қазіргі таңда осы өсімдікті тереңірек зерттеу және мал шаруашылығында жем-шөп өндіру өндірісінде алар маңыздылығын ескере отырып «Сайрам-Өгем мемлекеттік Ұлттық табиғи паркімен» келісім-шарт орнатып, бірнеше рет экспедициялық жұмыстар жасап жатырмыз. Зерттеу нәтижелері осы саладағы өзекті мәселелерді шешуге көмектеседі. Алғашқы экспедициялық жұмыс 27.04.2021 жылы Түркістан облысы, Төлеби ауданы, «Сайрам-Өгем МҰТП» қарасты Қапжайлау шатқалына ұйымдастырылып, вегетативтік кезеңдегі өсімдіктер ұзындық бойынша E070°23.564', ендік бойынша N42°09.405' координаталардан теңіз деңгейінен 1795 м. биіктіктен жиналды. Ал генеративтік кезеңдегі өсімдіктер 29.05.2021 жылы Сайрамсу шатқалынан ұзындық бойынша E065°12.422', ендік бойынша N34°05.302' координаталарынан теңіз деңгейінен 1500 м. биіктіктен жиналды. Көкбұлақ орман айналымына 20.07.2021 жылы ұйымдастырылған экспедициялық жұмыстар нәтижесінде жемісті кезеңдегі өсімдіктер ұзындық бойынша E070˚19'22', ендік бойынша N42˚22'55' координаталарынан теңіз деңгейінен 1070 м. биіктіктен жиналды.

Қапжайлау шатқалындағы популяция аралас өсімдікті фитоценоз болып келеді. Рельеф: күрделі, су режимі басым, ылғалды, таулы-шалғынды топырақтарында гумустың мол қабаты бар. Аралас өсімдікті фитоценозда 1000м^2, түрдің фитоценозда қатысуы 2-5% (кесте 1). Бұл популяцияда гүлдену алдындағы өсімдіктер (вегетативтік кезеңде) Ferula tenuisecta Eug.Kor., Oxytropis capusii Franch., Astragalus turczaninowii Kar.et Kir., Astragalus lasiopetalus Bunge, Polygala hybrida DC, Myosotis arvensis (L.) Hill болса, ал бүршіктену кезеңіне Aegopodium alpestre Ledeb. мен Allium karataviense Regel өсімдіктері сәйкес келеді. Гүлденудің басталуы кезеңіндегі өсімдіктер Scorzonera austriaca Willd., Ligularia macrophylla (Ledeb) DC болса, ал толық гүлдену кезеңіндегі өсімдік Tulipa kaufmanniana Regel. Популяциядағы өсімдіктердің кездесу жиілігі бойынша, Ferula tenuisecta Eug.Kor. аз кездессе, Aegopodium alpestre Ledeb. мен Scorzonera austriaca Willd. өсімдіктері зерттеу аймағында жеке дара кездесті.

Осы популяциядағы негізгі доминантты түрлер Oxytropis capusii Franch., Astragalus turczaninowii Kar.et Kir., Ligularia macrophylla (Ledeb) DC., Allium karataviense Regel., Myosotis arvensis (L.) Hill болып табылады.

Сайрамсу шатқалындағы популяция аралас өсімдікті фитоценоз болып келеді. Рельеф: күрделі, су режимі басым, ылғалды, таулы-шалғынды топырақтарында гумустың мол қабаты бар. Аралас өсімдікті фитоценозда 1000м^2, түрдің фитоценозда қатысуы 5-10% (кесте 2). Бұл популяциядағы Ferula tenuisecta Eug.Kor. бүршіктену кезеңіне, Schrenkia golickeana (Regel & Schmalh.) B. Fedtsch. гүлденудің басталуы кезеңіне, ал Lamium album L. толық гүлдену кезеңіне сәйкес келеді. Ал тұқымдар мен споралардың пісуі (жеміс беру) кезеңіндегі өсімдіктер Eremostachys dshambulensis Knorr, Pedicularis physocalyx Bunge, Alchemilla sibirica Zam., Allium filidens Regel, Glycyrrhiza glabra L. болып табылады. Scorzonera austriaca Willd. және Hypericum elongatum Ledeb. өсімдіктері тұқымның (жемістің) төгілу кезеңіне сәйкес келеді. Гүлдену алдындағы өсімдіктер (вегетативтік кезеңде) Eremurus Regelii Vved., Arum korolkowii Regel болса, Rosa platyacantha Schrenk мен Rosa corymbifera Borkh. гүлдену (спора дамуының соңы) кезеңіндегі өсімдіктер болып табылады.

Популяциядағы өсімдіктердің кездесу жиілігі бойынша, Ferula tenuisecta Eug.Kor., Scorzonera austriaca Willd., Hypericum elongatum Ledeb. өсімдіктері сирек кездесті. Ал Eremurus Regelii Vved. мен Arum korolkowii Regel зерттеу аймағында жеке дара кездесті.

Осы популяциядағы негізгі доминантты түрлер Eremostachys dshambulensis Knorr., Pedicularis physocalyx Bunge., Rosa platyacantha Schrenk., Rosa corymbifera Borkh., Alchemilla sibirica Zam., Allium filidens Regel болып табылады.

Көкбұлақ орман айналымындағы популяция аралас өсімдікті-бұталы фитоценоз болып келеді. Рельеф: күрделі, су режимі басым, ылғалды, таулы-шалғынды топырақтарында гумустың мол қабаты бар. Аралас өсімдікті-бұталы фитоценозда 1000м2, түрдің фитоценозда қатысуы 5-10% (кесте 3).

Бұл популяцияда тұқымның (жемістің) төгілу кезеңіндегі өсімдіктер Ferula tenuisecta Eug.Kor., Hypericum elongatum Ledeb., Achillea biebersteinii Af-

Кесте 1 – Қапжайлау шатқалындағы Ferula tenuisecta Korovin. және оның серіктес түрлеріне сипаттама

№	Тұқымдас	Туыс	Түр	Кездесу жиілігі	Фенофаза
1	Apiaceae Шатыршагүлдер тұқымдасы (Сельдерейные)	Ferula	Ferula tenuisecta Eug.Kor.	Sol.	-
		Aegopodium	Aegopodium alpestre Ledeb.	Un.	^
2	Fabaceae Бұршақтар тұқымдасы (Бобовые)	Oxytropis	Oxytropis capusii Franch.	Cop.	-
		Astragalus	Astragalus turczaninowii Kar.et Kir.	Cop.1	-
			Astragalus lasiopetalus Bunge	Soc.	-
3	Asteraceae Күрделі гүлділер тұқымдасы (Астровые)	Scorzonera	Scorzonera austriaca Willd.	Un.	э
		Ligularia	Ligularia macrophylla (Ledeb) DC	Cop.3	э
4	Liliaceae Лалагүлділер тұқымдасы (Лилейные)	Tulipa	Tulipa kaufmanniana Regel	Sp.	o
5	Alliaceae Пияз тұқымдасы (Луковые)	Allium	Allium karataviense Regel	Cop.3	^
6	Polygalaceae Полигалалар тұқымдасы (Истодовые)	Polygala	Polygala hybrida DC	Soc.	-
7	Boraginaceae Қияршөптұқымдасы (Бурачниковые)	Myosotis	Myosotis arvensis (L.) Hill	Cop.3	-

Кесте 2 – Сайрамсу шатқалындағы Ferula tenuisecta Korovin. және оның серіктес түрлеріне сипаттама

№	Тұқымдас	Туыс	Түр	Кездесу жиілігі	Фенофаза
1	Apiaceae Шатыршагүлдер тұқымдасы (Сельдерейные, Зонтичные)	Ferula	Ferula tenuisecta Eug.Kor.	Sol.	^
		Schrenkia	Schrenkia golickeana (Regel & Schmalh.) B. Fedtsch.	Sp.	э
2	Lamiaceae Ерінгүлділер тұқымдасы (Губоцветные)	Lamium	Lamium album L.	Sp.	o
		Eremostachys	Eremostachys dshambulensis Knorr	Cop.1	+
		Pedicularis	Pedicularis physocalyx Bunge	Soc.	+
3	Asteraceae Күрделігүлділер тұқымдасы (Сложноцветные)	Scorzonera	Scorzonera austriaca Willd.	Sol.	#
4	Asphodelaceae Асфоделиялар тұқымдасы (Асфоделовые)	Eremurus	Eremurus Regelii Vved.	Un.	-
5	Rosaceae Раушангүлдер тұқымдасы Розовые (Розоцветные)	Rosa	Rosa platyacantha Schrenk	Soc.	c
		Rosa	Rosa corymbifera Borkh.	Soc.	c
		Alchemilla	Alchemilla sibirica Zam.	Cop.2	+
6	Alliaceae Пияз тұқымдасы (Луковые)	Allium	Allium filidens Regel	Cop.3	+
7	Guttiferae Juss. Шәйқурайлар тұқымдасы (Зверобойные)	Hypericum	Hypericum elongatum Ledeb.	Sol.	#
8	Araceae Аройниктер тұқымдасы (Аройниковые)	Arum	Arum korolkowii Regel	Un.	-
9	Fabaceae Бұршақтар тұқымдасы (Бобовые)	Glycyrrhiza	Glycyrrhiza glabra L.	Sp.	+

Кесте 3 – Көкбұлақ орман айналымындағы Ferula tenuisecta Korovin. және оның серіктес түрлеріне сипаттама

№	Тұқымдас	Туыс	Түр	Кездесу жиілігі	Фенофаза
1	Apiaceae Шатыршагүлдер тұқымдасы (Сельдерейные, Зонтичные)	Ferula	Ferula tenuisecta Eug.Kor.	Sol.	#
		Eremodaucus	Eremodaucus lehmannii Bunge	Un.	-
2	Guttiferae Juss. Шәйқурайлар тұқымдасы (Зверобойные)	Hypericum	Hypericum elongatum Ledeb.	Soc.	#
3	Araceae Аройниктер тұқымдасы (Аройниковые)	Arum	Arum korolkowii Regel	Sp.	v
4	Fabaceae Бұршақтар тұқымдасы (Бобовые)	Glycyrrhiza	Glycyrrhiza glabra L.	Cop.1	-
5	Asteraceae Күрделігүлділер тұқымдасы (Сложноцветные)	Achillea	Achillea biebersteinii Afan.	Sol.	#
		Cichorium	Cichorium intybus L.	Soc.	v
		Galatella	Galatella chromopappus Novopokr.	Cop.2	-
6	Polygonaceae Тарандар тұқымдасы (Гречишные)	Polygonum	Polygonum aviculare L.	Sp.	v
7	Urticaceae Қалақайлар тұқымдасы (Крапивные)	Urtica	Urtica dioica L.	Cop.2	-
8	Lamiaceae Ерінгүлділер тұқымдасы (Губоцветные)	Lophanthus	Lophanthus tschimganicus Lipsky.	Sol.	x
		Ziziphora	Ziziphora bungeana Juss.	Cop.1	#
9	Equisetaceae Қырықбуындар тұқымдасы (Хвощевые)	Equisetum	Equisetum arvense L.	Sp.	-

an. және Ziziphora bungeana Juss. болып табылады. Eremodaucus lehmannii Bunge, Glycyrrhiza glabra L., Galatella chromopappus Novopokr., Urtica dioica L. және Equisetum arvense L. гүлдену алдындағы өсімдіктер (вегетативтік кезеңде). Тіршілігін тоқтату кезеңіне Arum korolkowii Regel, Cichorium intybus L. және Polygonum aviculare L. өсімдіктері сәйкес келсе, Lophanthus tschimganicus Lipsky. өскіндерінің тіршілігін тоқтату кезеңіндегі өсімдік болып табылады.

Кездесу жиілігі бойынша Ferula tenuisecta Eug.Kor., Achillea biebersteinii Afan. және Lophanthus tschimganicus Lipsky. осы популяцияда сирек кездесетін өсімдіктер болса, ал Eremodaucus lehmannii Bunge зерттеу аймағында жеке дара кездесті.

Осы популяциядағы негізгі доминантты түрлер Hypericum elongatum Ledeb, Glycyrrhiza glabra L., Cichorium intybus L., Galatella chromopappus Novopokr., Urtica dioica L., Ziziphora bungeana Juss болып табылады.

Қорытынды. Жоғарыда келтірілген зерттеу жұмыстарына талдау жасай келе Батыс Тянь-Шаньның Қазақстан бөлігінің флорасын, оның ішінде Сайрам-Өгем ұлттық паркінің аумағында кездесетін Ferula tenuisecta Korovin. ценопопуляциясын толығырақ зерттеу қажеттілігі айқындалды. Осы орайда, парк аумағында кездесетін Жіңішке сасыр және оның серіктес түрлері бойынша гербарий материалдары жинақталды және өңделді. Соның негізінде таксономиялық, жүйелік, экологиялық, биоморфологиялық, географиялық тұрғыдан талдау жұмыстары жасалынды. Magnoliophyta бөлімі, Magnoliopsida класы, Araliales қатары, Apiaceae тұқымдасы, Ferula туысына жататын Ferula tenuisecta Korovin. экотипі бойынша мезофиттер болып табылады. Қапжайлау, Сайрамсу шатқалдары және Көкбұлақ орман айналымында Жіңішке сасыр қатысуымен табиғи қауымдастықтардың фитоценотикалық сипаттамасы жасалды. Ferula tenuisecta Korovin. қатысатын популяциядағы негізгі доминант түрлер анықталды, яғни Қапжайлау, Сайрамсу шатқалдары және Көкбұлақ орман айналымындағы негізгі доминатты түрлер Oxytropis capusii Franch., Astragalus turczaninowii Kar. et Kir., Ligularia macrophylla (Ledeb) DC., Allium karataviense Regel., Myosotis arvensis (L.) Hill., Eremostachys dshambulensis Knorr., Pedicularis physocalyx Bunge., Rosa platyacantha Schrenk., Rosa corymbifera Borkh., Alchemilla sibirica Zam., Allium filidens Regel., Hypericum elongatum Ledeb, Glycyrrhiza glabra L., Cichorium intybus L., Galatella chromopappus Novopokr., Urtica dioica L., Ziziphora bungeana Juss болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Флора Казахстана. Т. 1. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1956. – С. 30-32.
2 Рябушкина Н.А.Проблема изучения и сохранения биоразнообразия флоры Казахстана / Н.А. Рябушкина, С.И. Абугалиева, Е.К. Туруспеков // Биотехнология. Теория и практика. – 2016. – №3. – С. 13-23. https://doi.org/10.11134/btp.3.2016.22016
3 Красная книга Казахстана. Т. 2.Растения. – Астана, 2014. – С. 452.
4 Youssef F.S. Chemical Profiling and Discrimination of Essential Oils from Six Ferula Species Using GC Analyses Coupled with Chemometrics and Evaluation

of Their Antioxidant and Enzyme Inhibitory Potential / F.S. Youssef, M.A. Mamatkhanova,
N.Z. Mamadalieva, G. Zengin, S.F. Aripova, E. Alshammari, M.L. Ashour // Antibiotics. — 2020. — № 9. — P. 518. https://doi.org/10.3390/antibiotics9080518
5 Халилов Р.М. Технология выделения эстрогенного препарата Ферулен из корней ферулы тонкорассеченной / Р.М. Халилов, А.У. Маматхонов, Л.Д. Котенко // Хим.-фарм. журн. — 2009. — Т. 43, № 10. — С. 40–43.
6 Котенко Л.Д. Методики качественного и количественного анализа суммы сложных эфиров из корней Ferula tenuisecta / Л.Д. Котенко, Р.М. Халилов, А.У. Маматхонов // Хим. раст. сырья. — 2009. — № 1. — С. 89–92.
7 Черепанов С.К. Сосудистые растения СССР //– Ленинград: Наука. — 1981.
8 Вилесов Е.Н.Физическая география Казахстана / Е.Н. Вилесов, А.А. Науменко, Л.К. Веселова, Б.Ж. Аубекеров // Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті. — 2009. – С. 7.
9 Gemedjieva N. Representation of Endemics in Floristic Subprovinces of Kazakhstan / N. Gemedjieva, A. Jaime, Teixeira da Silva, N. Ryabushkina // The Asian and Australasian Journal of Plant Science and Biotechnology. — 2010. — Vol. 4. — P. 56–63.
10 Dzhangaliev A.D. The Wild Fruit and Nut Plants of Kazakhstan / A.D. Dzhangaliev, T.N. Salova, P.M. Turekhanova // Horticultural Reviews Wild Apple and Fruit Trees of Central Asia. — 2003. — Vol. 29. — P. 305–372.
11 Грудзинская Л.М. Аннотированный список лекарственных растений Казахстана / Л.М. Грудзинская, Н.Г. Гемеджиева, Н.В. Нелина, Ж.Ж. Каржаубекова. — Алматы, 2014. — С. 200.
12 Практика по почвоведению. – М.: Агропромиздат, 1986. – С. 96-97.
13 Абдулина С.А. Список сосудистых растений Казахстана / С.А. Абдулина. — Алматы, 1999. — 187 с.
14 Арыстангалиев С.А.Растения Казахстана / С.А. Арыстангалиев, Е.Р. Рамазанов.– Алма-Ата: «Наука» КазССР. – 1977. – С. 288.
15 Иллюстрированный определитель растений Казахстана. Т. 1-2. – Алма-Ата, 1969-1972.
16 Скворцов А.К. Гербарий. Пособие по методике и технике / А.К. Скворцов. – М.: Наука, 1977. – С. 199.

REFERENCES

1 (1956). Flora Kazakhstana [Flora of Kazakhstan]. (Vol. 1). Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR [in Russian].
2 Ryabushkina, N.A., Abugalieva, S.I., &Turuspekov, E.K. (2016). Problemaizucheniiaisokhraneniiabioraznoobraziiaflory
Kazakhstana [The problem of studying and preserving the biodiversity of the flora of Kazakhstan]. Biotekhnologiia. Teoriia i praktika — Biotechnology. Theory and practice, 3; 13–23. https://doi.org/10.11134/btp.3.2016.22016 [in Russian].
3 (2014).KrasnayaknigaKazakhstana[The red book of Kazakhstan](Vol. 2). Plants.Astana[in Russian].
4 Youssef, F.S., Mamatkhanova M.A., Mamadalieva, N.Z., Zengin, G., Aripova, S.F., Alshammari, E., & Ashour, M.L. (2020). Chemical Profiling and Discrimination of Essential Oils from Six Ferula Species Using GC Analyses Coupled with Chemometricsand Evaluation of Their Antioxidant and Enzyme Inhibitory Potential. Antibiotics, 9, 518. https://doi.org/10.3390/antibiotics9080518
5 Khalilov, R.M., Mamatkhonov, A.U., &Kotenko, L.D. (2009). TekhnologiiavydeleniiaestrogennogopreparataFeruleniz
korneiFerulytonkorassechennoi [Technology of isolation of the estrogenic drug Ferulen from the roots of Ferulatenuisecta]. Khimiko-farmatsevticheskiizhurnal — Chemical-pharmaceuticaljournal, 43, 10, 40–43 [inRussian].
6 Kotenko, L.D., Khalilov, R.M., &Mamatkhonov, A.U. (2009). Metodikikachestvennogoikolichestvennogoanalizasummy
slozhnykhefirovizkorneiFerulatenuisecta [Methods of qualitative and quantitative analysis of the sum of esters from the roots ofFerulatenuisecta]. Khimiiarastitelnogosyria — Chemistry of raw material, 1; 89–92 [in Russian].
7 Cherepanov S.K. (1981). Sosudistyerasteniya SSSR [Vascular plants of the USSR]. Leningrad: Nauka [in Russian].
8 Vilesov E.N., Naumenko A.A., Veselova L.K., &AubekerovB.Zh. (2009). FizicheskayageografiyaKazakhstana [Physical geography of Kazakhstan]. Almaty[in Russian].
9 Gemedjieva, N., Jaime, A. Teixeira, da Silva, &Ryabushkina, N. (2010). Representation of Endemics in Floristic Subprovinces of Kazakhstan. The Asian and Australasian Journal of Plant Science and Biotechnology, 4, 56–63.
10 Dzhangaliev, A.D., Salova, T.N., &Turekhanova, P.M. (2003). The Wild Fruit and Nut Plants of Kazakhstan. Horticultural Reviews Wild Apple and Fruit Trees of Central Asia, 29, 305–372.
11 Grudzinskaia, L.N., Gemedzhieva, N.G., Nelina, N.V. &Karzhaubekova, Zh.Zh. (2014). Annotirovannyispisoklekarstvennykhrasteniikazakhstana [Annotated list of medicinal plants of Kazakhstan]. Almaty [inRussian].
12 (1986). Praktica po pochvovedeniyu[Practice in soil science. M: Agropromizdat [in Russian].
13 Abdulina, S.A. (1999). SpisoksosudistykhrasteniiKazakhstana [List of vascular plants of Kazakhstan]. Almaty [inRussian].
14 Arystangaliev S.A., &Ramazanov E.R. (1977). RasteniyaKazakhstana [Plants of Kazakhstan]. Alma-Ata [in Russian].
15 (1969-1972). Illyustrirovannyi opredelitel rastenii Kazakstana [Illustrated determinant of plants of Kazakhstan] (Vol. 1-2). Alma-Ata [in Russian].
16 Skvorzov A.K. (1977). Gerbarii. Posobie po metodikeitekhnike [Herbarium. Manual on methodology and technology]. M.: Nauka[in Russian].

Вклад авторов. Все авторы принимали равносильное участие при написании данной статьи.
Конфликт интересов – не заявлен.
Данный материал не был заявлен ранее, для публикации в других изданиях и не находится на рассмотрении другими издательствами. При проведении данной работы не было финансирования сторонними организациями и медицинскими представительствами. Финансирование – не проводилось.

Авторлардың үлесі. Барлық авторлар осы мақаланы жазуға тең дәрежеде қатысты.
Мүдделер қақтығысы – мәлімделген жоқ.
Бұл материал басқа басылымдарда жариялау үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған. Осы жұмысты жүргізу кезінде сыртқы ұйымдар мен медициналық өкілдіктердің қаржыландыруы жасалған жоқ. Қаржыландыру жүргізілмеді.

Authors' Contributions. All authors participated equally in the writing of this article.
No conflicts of interest have been declared.
This material has not been previously submitted for publication in other publications and is not under consideration by other publishers. There was no third-party funding or medical representation in the conduct of this work. Funding - no funding was provided.

Авторлар туралы ақпарат:
Бекебаева Мадина Омирхановна - «8D05108 – Геоботаника» мамандығының 3 курс PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. e-mail: madina_bekebaeva@mail.ru, Телефон: 87027216655
Назарбекова Салтанат Толепбековна – б.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Биоәртүрлілік және биоресурстар» кафедрасының доценті, Алматы, Қазақстан. e-mail: snazarbekova@mail.ru

Алынды: 26 қаңтар 2023 / Қабылданды: 17 наурыз 2023 / Онлайн жарияланды: 30 сәуір 2023 ж.
ӘОЖ: 615.32:633.912
DOI 10.53511/PHARMKAZ.2023.58.32.037

Г.М. Ғани[1], А.Т. Мамурова[2], К.С. Жакипбеков[2], С.Е. Момбеков[2], У.М. Датхаев[2], З.А. Датхаева[2]
[1]«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» Алматы, Қазақстан Республикасы
[2]«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ, Алматы, Қазақстан Республикасы

«ЖАТАҒАН СҮТТІГЕН (EUPHORBIA HUMIFUSA WILLD.) ШӨБІНІҢ МАКРО- ЖӘНЕ МИКРОСКОПИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Түйін: *Ғылыми мақалада Euphorbiaceae тұқымдасына жататын Жатаған сүттіген (Euphorbia humifusa Willd.) өсімдігіне фармакогностикалық зерттеу яғни өсімдіктің макро- және микроскопиялық белгілері мен диагностикалық ерекшеліктеріне жүргізілген зерттеу әдістері мен зерттеу жұмысының нәтижелері ұсынылған.*
Зерттеудің мақсаты: *Жатаған сүттіген (Euphorbia humifusa Willd.) шөбінің вегетативті мүшелерінің макро- және микроскопиялық құрылымын және диагностикалық ерекшеліктерін зерттеу.*
Зерттеу әдістері: *Зерттеу жұмысында 2022 жылдың тамыз-қыркүйек айларында өсімдіктің гүлдену кезеңінде жиналған Жатаған сүттіген (Euphorbia humifusa Willd.) шөбі қолданылды. Өсімдіктің тірі және 70%-тік спиртте Страсбургер-Флемминг әдісі (спирт, глицерин, су, 1:1:1) бойынша фиксацияланған шикізаты зерттелді. Өсімдіктің жапырағы мен гүлінің макроскопиялық белгілері көзбен және лупаның көмегімен (х10 үлкейтілген) зерттелсе, микроскопиялық зерттеулер фотоқондырғылы МБИ-6 микроскопымен жүргізілді (ұлғайтылуы 63; 280 есе) және диагностикалық белгілері суретке түсірілді. Анатомиялық зерттеу кезінде сызықтық өлшеуге арналған окулярлы микрометр МОВ 1- (ұлғайтуы -15,4 есе, объектив х 8) пайдаланылды.*
Статистикалық өңдеу арнайы компьютерлік бағдарлама «STATISTICA» арқылы жасалынды.
Қорытынды. *Зерттеу нәтижесінде алғаш рет Қазақстан аумағында өсетін Жатаған сүттіген (Euphorbia humifusa Willd.) шөбінің вегетативті мүшелерінің анатомиялық құрылымының ерекшеліктері анықталып, олардың диагностикалық белгілері анықталады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-20 «Дәрілік заттарды өндіруші әзірлеген және дәрілік заттарға сараптама кезінде дәрілік заттардың сапасы жөніндегі нормативтік құжатты мемлекеттік сараптама ұйымымен келісу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 3-қосымшасына сай дәрілік өсімдік шикізатының идентификациясына (сәйкестендіру) қойылатын талаптар: А. Макроскопия; В. Микроскопиялық талдау бойынша зерттеулер жүргізілді.*
Түйінді сөздер: *Euphorbia humifusa Willd., Жатаған сүттігені, идентификация, макроскопия, микроскопия, фиксация, гербарий, морфология.*

Г.М. Гани[1], А.Т. Мамурова[2], К.С. Жакипбеков[2], С.Е. Момбеков[2], У.М. Датхаев[2], З.А. Датхаева[2]
[1]Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан
[2]Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, г. Алматы, Республика Казахстан

МАКРО - И МИКРОСКОПИЧЕСКИЕ ПРИЗНАКИ И ДИАГНОСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТРАВЫ EUPHORBIA HUMIFUSA WILLD

Резюме: В научной статье представлены фармакогностические исследования Euphorbia humifusa Willd., т.е. методы иссле-

G.M. Gani[1], A.T. Mamurova[2], K.S. Zhakipbekov[2], S.E. Mombekov[2], U.M. Datkhaev[2], Z.A. Datkhaeva[2]
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan
[2]Asfendiyarov Kazakh National medical university, Almaty, Republic of Kazakhstan

«MACRO- AND MICROSCOPIC SIGNS AND DIAGNOSTIC FEATURES OF THE HERB EUPHORBIA HUMIFUSA WILLD.»

Resume: This scientific article presents the pharmacognostic studies of Euphorbia humifusa Willd., i.e. the research methods and results of macro- and microscopic traits and diagnostic features of the

дования и результаты исследования макро- и микроскопических признаков и диагностических признаков растения, принадлежащего к семейству Euphorbiaceae.

Цель исследования: Изучение макро- и микроскопического строения и диагностические признаки вегетативных органов Euphorbia humifusa Willd.

Методы исследования: В исследованиях использовали травы Euphorbia humifusa Willd., собранные в период цветения растения в августе-сентябре 2022 г. Изучали неизмельченное, свежее или фиксированное смесью этанол-глицерин-вода (1:1:1) сырье. Макроскопические признаки цветков и листьев молочая приземистого изучали невооруженным глазом и с помощью лупы (увеличение х10), микроскопическое исследование проводили с помощью микроскопа МБИ-6 и диагностические признаки фиксировали с помошью фотокамерой. Статистическую обработку проводили с помощью специальной компьютерной программы «STATISTICA».

Заключение. В результате исследования впервые установлены особенности анатомического строения вегетативных органов Euphorbia humifusa Willd., произрастающих на территории Казахстана, и определены их диагностические признаки.

Ключевые слова: Euphorbia humifusa Willd., макро- и микроскопические исследования, диагностические признаки, морфологические и анатомические особенности.

plant belonging to the family Euphorbiaceae.

Study objective: Study of the macro- and microscopic structure and diagnostic features of the vegetative organs of Euphorbia humifusa Willd.

Research methods: Herbs of Euphorbia humifusa Willd. collected during flowering in august-september 2022 were used in the study. Raw material was studied unground, fresh or fixed by ethanol-glycerol-water mixture (1:1:1). Macroscopic signs of flowers and leaves of Euphorbia humifusa Willd. were studied with the naked eye and magnifying glass (x10 magnification), microscopic examination was carried out with a microscope MBI-6 and diagnostic signs were fixed with a camera. Statistical processing was carried out using a special computer programme "STATISTICA".

Conclusion. As a result of research peculiarities of anatomical structure of vegetative organs of Euphorbia humifusa Willd. growing in territory of Kazakhstan are established and their diagnostic attributes are defined.

Keywords: Euphorbia humifusa Willd., macro- and microscopic studies, diagnostic features, morphological and anatomical features.

Кіріспе. Жатаған сүттігені – Euphorbiaceae тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Таралуы бойынша Кавказдан Азияның батысына дейінгі ареалды қамтиды. Құрамы өте құнды химиялық элементтерге бай болуымен ерекшеленеді. E. humifusa халық медицинасында гепатитті, бактериялық дизентерияны, терідегі сүйелдерді емдеуде мыңдаған жылдар бойы қолданылып келеді [1].

E. humifusa Willd. құрамы флавондар, тритерпеноидтар мен фенолдарға бай. Құрамында флавонолдардан: кемпферол мен кварцетин, галл қышқылы тәрізді фенол қышқылдары кездеседі. Галл қышқылы бұл өсімдіктегі фенолды байланыстар, антиоксидантты, қабынуға қарсы, ісікке қарсы, микробқа қарсы фармакологиялық қасиеттер көрсетеді. Кварцетин ісікке қарсы, қант диабетіне қарсы, антиоксидантты қасиеттерге ие [2]. Кемпферол табиғи полифенол, бұл қосылыс жүректі ишемиялық зақымданулардан қорғау қызметін атқарады және қабынуға қарсы әсерге ие [3]. Өсімдіктің осындай құнды химиялық қосылыстарға бай болуы зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызға ие болатынын көрсетеді.

Қазіргі таңда биологиялық белсенді заттардың көзі ретінде өсімдіктердің ішінен дәрілік түрлерін іздеу және оның негізінде өсімдік фармацевтикалық субстанция әзірлеу өзекті болып табылады. Осы тұрғыда, еліміздің аумағында өсетін Жатаған сүттіген (Euphorbia humifusa Willd.) шөбінен өсімдіктекті фармацевтикалық субстанция алуда зерттеу жұмыстарын бастау үшін өсімдіктің идентификациясы, макро- және микроскопиялық белгілерін анықтаудың маңызы зор.

Зерттеудің мақсаты: Жатаған сүттіген (Euphorbia humifusa Willd.) шөбінің вегетативті мүшелерінің макро- және микроскопиялық құрылымын және диагностикалық ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу әдістері: Euphorbia humifusa Willd өсімдігін зерттеу В. Н. Веховтың [4] және М.Н. Прозинаның [5] әдістемелік нұсқауларына сәйкес жүргізілді. Құрғақ өсімдіктердің тіршілік күйлері мен морфологиялық сипаттамаларын анықтау үшін Т.А. Работнов [6], И.Г. Серебряков [7-8], А.А. Урановтың [9] әдістемелері қолданылды. Гербарий жинау және оларды өңдеу жұмыстарына жалпыға бірдей А.К. Скворцов әдісі пайдаланылды [10].

Түрлерді морфологиялық зерттеу үшін олардың жемістері, гүлшоғыры, вегетативтік мүшелері жиналып, фиксация және гербарий жасалынды.

Өсімдік шикізаты 70%-тік спиртте Страсбургер-Флемминг әдісі (спирт, глицерин, су, 1:1:1) бойынша фиксацияланды. Зерттеуге алынатын түрлердің жапырағының морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктерін анықтау үшін толық дамыған, зақымданбаған өркеннің орта деңгейіндегі жапырақтар іріктеліп алынды. Бұл жағдайда өсімдіктердің дәрілік шикізат алынатын толық гүлдеу кезеңі қамтылды. Тамыр кесінділері негізгі тамырдан басталған 1 ретті жанама тамырдың ортаңғы бөліктерінен алынды. Анатомиялық кесінділер қолмен және тоңазытқыш микротомда (ТОС-2) даярланды.

Кесінді қалыңдығы 10-15 мкм. Фотосуреттер арна-

йы фотоқондырғылы МБИ-6 микроскопымен түсірілді (ұлғайтылуы 63; 280 есе). Анатомиялық зерттеу кезінде сызықтық өлшеуге арналған окулярлы микрометр МОВ 1- (ұлғайтуы -15,4 есе, объектив х 8) пайдаланылды. Өсімдіктер өркендерінің, жапырақтарының морфологиялық және анатомиялық құрылысын сипаттауда әдістемелік [11-14] еңбектер қолданылды. Өсімдік түрлері [15] бойынша тексерілді. Анатомиялық зерттеулер толық гүлдеу кезеңінде жиналған өсімдіктер сабағының ортаңғы бөлігіне және сабақтың ортаңғы бөлігіндегі жапырақтарға жүргізілді. Жалпы өсімдіктің вегетативтік мүшелерінен 1500-2000 кесінділер даярланып, сарапталып суретке түсірілді. Өсімдіктер өркендерінің морфологиялық [16-17] және анатомиялық құрылысын сипаттауда белгілі мамандардың еңбектері пайдаланылды.

Эксперименттік жұмыс нәтижелерін математикалық өңдеуде [18] еңбектері қолданылды. Статистикалық өңдеу арнайы компьютерлік бағдарлама «STATISTICA» арқылы жасалынды.

Зерттеу нысаны мен нәтижелері: Зерттеу нысаны - Алматы қаласы, «Бас ботаникалық бақ» аумағында орналасқан Жапон бағынан өсімдіктің гүлдену кезеңінде (тамыз-қыркүйек 2022 ж.) жиналған - Жатаған сүттіген (Euphorbia humifusa Willd.) шөбі.

Тұқымдас - Euphorbiaceae

Туыс - Euphorbia

Түр - Euphorbia humifusa Willd. (Молочай приземистый) Жатаған сүттіген.

Өсімдік шикізатының идентификациясы Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Ботаника және фитоинтродукция институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында жүргізілді. Анықтама тіркеу нөмірі № 01-05/490.

Жатаған сүттіген - Euphorbiaceae тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдіктер туысы. Азия мен Солтүстік Американың қоңыржай аймақтарында кездесетін 6 – 7 түрі белгілі. Қазақстанның құмды, саз топырақты жерлерінде өсетін екі түрі (сор жатаған, орыс жатағаны) бар.

Euphorbia humifusa Willd. - бір жылдық шөптесін өсімдік. Өркені тармақталған, ұзындығы 4-15 (30) см. Жапырақтары қарама-қарсы, сопақша дөңгелек тәрізді. Жапырақ қолтықтарында немесе қысқа бұтақтардың ұштарында, жапырақ тәрізді қосымшалары бар 4 тар эллиптикалық буынаралықтары бар. Тұқымдары сопақша жұмыртқа тәрізді.

Биіктігі 12 – 18 (25) см. Сабақтары жерге төселіп не жер бауырлап тырбиып өседі. Қысқарған өркендері бар. Жұмыртқа немесе бүйрек тәрізді жапырақтары сабағының түбінен шығады (Сурет 1).

Гүлдері ашық күлгін түсті, ұсақ гүлдері ұзын сағағының ұшында жетіледі. Тостағанша жапырағы – бесеу, күлте жапырақшалары 5 – 12-ге дейін болады. Маусым – тамыз айларында гүлдейді. Жемісі жаңғақша. Жатағанды құмды, сай-салалардың жиегін бекітуге қолданылады.

Euphorbia humifusa Willd. Жатаған сүттіген жапырағының микроскопиялық құрылымы

Жапырақ тақтасының анатомиялық көлденең кесіндісі. Көлденең кесіндісінде жоғарғы эпидермис жеткілікті үлкен жасушалардан тұрады, дөңгелек-сопақша пішінді; жапырақтың төменгі жағында эпидермис жасушалары борпылдақ орналасқан және контуры бұралған (Сурет 2, 3).

Сабағы



Гүлі

Сурет 1 - Euphorbia humifusa Willd. өсімдігінің сабағы мен гүлінің макроскопиялық ерекшеліктері



Сурет 2 - Euphorbia humifusa Willd. өсімдігінің жапырақ тақтасының анатомиялық көлденең кесіндісі: 1–жоғарғы эпидермис; 2 – төменгі эпидермис; 3 – бағаналы мезофилл; 4 – борпылдақ мезофилл, 6 – ксилема; 7 – флоэма. Жапырақ – х180



Сурет 3 - Euphorbia humifusa Willd. өсімдігінің жапырағының микроскопиялық ерекшеліктері: 1 – жоғарғы эпидермис; 2- төменгі эпидермис; 3 – Бағаналы мезофилл; 4 – паренхима, 5 – лептесік (устьица) Жапырақ – х720

Төменгі эпидермис жасушаларының арасында эфир майы бездері бар. Жапырақ тақтасы сыртынан кутикуланың жұқа қабатымен жабылған. Жапырақтың бүкіл бетінде эпидермис түктері кездеседі; олардың барлығы екі жасушалы және түбінде (базальды) қысқа бөшке тәрізді жасушадан және біріншісіне тік бұрышпен қосылған ұзын терминал (терминал) жасушадан тұрады, сондықтан түктер жапырақ бетіне басылады. Олар эпидермистің кішкентай, дөңгелек жасушасына бекітіледі, ол көбінесе жапырақта базальды жасушасы сияқты қалыңдайды. Жоғарғы эпидермистің қалыңдығы шамамен 0,51±0,03мкм (Сурет 4).

Устьица - устьицалардың ашықтық дәрежесін реттейтін жабу деп аталатын мамандандырылған жасушалардың жұптарынан тұрады, олардың арасында саңылау бар. Жабылатын жасушалардың қабырғалары біркелкі емес: қалың қабырғаларға жасалған, саңылаудан жасалған. Транспирация мен газ алмасуды реттейді. Euphorbia humifusa Willd. өсімдігінің Устьица типі-анизоцитті. Жұлдыздарға ұқсайтын радиалды 3-жанама жасушалардан тұрады.

Euphorbia humifusa Willd. өсімдігінің сабағының микроскопиялық құрылымы. Сабақтың көлденең кесінісінде сабақтың сыртында бір-екі қабатты эпидермис қабатымен жабылған, оның бетінде кутикула жұқа қабаттан тұрады. Сабақтың қалыңдығы 45,93±1,8 мкм. Эпидермистің астында қабырғалары қалыңдатылған ұсақ жасушалар қабаты орналасқан. Колленхима сабақтың қырлы бөліктерінде орналасқан - бұрыштық. Паренхи-



1- Устьица саңылауы, 2-түйістіргіш клеткалар (анизоцитті)
Сурет 4 - Euphorbia humifusa Willd. өсімдігінің жапырағының төменгі эпидермисі

маның ең төменгі қабаты кішірек жасушалардан тұрады. Бастапқы қыртыс негізгі паренхиманың жасушаларымен ұсынылған. Бастапқы қабықтың қалыңдығы 2,52±0,2 мкм. Бастапқы кортекс пен орталық цилиндр арасындағы шекарада эндодерма жасушаларының қабаты орналасқан. Өткізгіш шоқтары ашық. Флоэма оны қоршаған паренхимадан кішірек жасушалармен ерекшеленеді. Өткізгіш сәулелердегі флоэманың қалыңдығы 1,81±0,03 мкм, ал ксилеманың қалыңдығы 1,86±0,05 мкм. Шоқтар бастапқы өзек сәулелерімен бө-

Кесте 1 - Euphorbia humifusa Willd. өсімдігінің микроскопиялық өлшемдері

Жапырақ қалыңдығы, мкм	Жапырақтың қалыңдығы (өткізгіш шоқсыз) мкм	Бағаналы мезофилл, 2 қатар, мкм	Борпылдақ мезофилл, 2 қатар, мкм	Өткізгіш шоқтар, мкм	Эпидермис қалыңдығы, мкм
6,08±0,3	5,88±0,2	3,35±0,4	3,18±0,3	4,51±0,3	0,51±0,03



Сурет 5 - Euphorbia humifusa Willd. өсімдігінің сабағының анатомиялық ерекшеліктері
1 – эпидерма; 2 – алғашқы қабық;
3 – эндодерма; 4 – склеренхима; 5 – флоэма;
6 – ксилема; 7 – өзек Сабақ – х180



Алғашқы қабық; Сабақ – х180

Сурет 6 - Euphorbia humifusa Willd. өсімдігінің сабағының анатомиялық ерекшеліктері

лінеді. Сабақтың ортасында өзекті құрайтын паренхиманың үлкен бөлігі орналасқан. Өзек жасушалары қалыңдығы 1,28±0,2 мкм болатын сақтау паренхимасымен ұсынылған. Өзек жасушалары үлкен қалыңдығы 1,28±0,2 мкм дейін. Euphorbia humifusa Willd. өсімдігінің сабағының анатомиялық ерекшеліктері 5,6 – суреттерде көрсетілген.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде алғаш рет Қазақстан аумағында өсетін Жатаған сүттіген (Euphorbia humifusa Willd.) шөбінің вегетативті мүшелерінің анатомиялық құрылымы мен диагностикалық ерекшеліктері анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Wang T.T. Mechanisms of vasorelaxation induced by total flavonoids of Euphorbia humifusa in rat aorta / T.T. Wang, Z.Q. Zhou, S. Wang, et al. // Journal of Physiology and Pharmacology. 2017. Vol. 68. № 4. P. 619-628. PMID: 29151079
2 Tian Y. Anti-HBV active flavone glucosides from Euphorbia humifusa Willd / Y. Tian, L.M. Sun, X.Q. Liu et al. // Fitoterapia. 2010. Vol. 81. № 7. P. 799–802. DOI:10.1016/j.fitote.2010.04.012
3 Luyen B.T. Anti-inflammatory components of Euphorbia humifusa Willd. / B.T. Luyen, B.H. Tai, N.P. Thao et al. // Bioorganic and Medicinal Chemistry Letters. – 2014. - Vol. 24. - № 8. - P. 1895-1900. DOI: 10.1016/j.bmcl.2014.03.014
4 Быков Б.А. Геоботаника / – Алма–Ата, 1957. -С. 22–23.
5 Работнов Т.А. Основные вопросы и методы изучения жизненного цикла многолетних травянистых растений и состава их популяций / Т.А.Работнов // Научно-метод. зап. гл. упр. по заповедникам РСФСР. М., 1949. – Вып.12. – С. 41–48.
6 Работнов Т.А. Жизненный цикл многолетних растений в луговых ценозах / Т.А.Работнов // Тр. БИН АНСССР. Санкт – Петербург, 1950б. – Вып. 6. – С. 7–204.
7 Серебрякова Т.И. Жизненные формы и модели побегообразования наземноползучих многолетних трав / Т.И.Серебрякова // Жизненные формы: структура, спектры и эволю-
8 ция. – М.: Наука, 1981. – С. 161–179.
9 Серебрякова Т.И. Типы большого жизненного цикла и структура наземных побегов у цветковых растений / Т.И.Серебрякова // Бюл. МОИП. Отд. биол.: МГУ. – 1971 б. –Вып. 1. – С. 105–119.
10 Уранов А.А. Онтогенез и возрастной состав популяций (вместо предисловия) / А.А.Уранов // Онтогенез и возрастной состав популяций цветковых растений. – М., 1967. –С. 3–8.
11 Скворцов А.К. Гербарий. Пособие по методике и технике // - М.: Наука, 1977. -С.199.
12 Эзау. Анатомия семенных растений. - М.: Мир, 1980. - Т. 1, 2. – С. 2-558.
13 Н.М. Мухитдинов., Ә.Б. Бегенов., С.С. Айдосова Өсімдіктер морфологиясы және анатомиясы. - Алматы: Қазақ Университеті, 2001. – 274 б.
14 Барыкина Р.П. Справочник по ботанической микротехнике. Основы и методы. – М.: М ГУ, 2004. - С. 312.
15 Прозина М.Н. Ботаническая микротехника. – М.: Высшая школа, 1960. – С. 208.
16 Павлов Н.В. Основные закономерности в растительном покрове Казахстан. – Алматы: Наука, 1949. - С. 264.
17 Работнов Г.А. Жизненный цикл многолетних травянистых растений В леговых ценозах // Труды Бот. инс. АН СССР. - 1950. - № 2. - С. 204-208.
18 Серебряков И.Г. Морфология вегетативных органов высших растений. – М.: Советская наука, 1952. – С. 391
19 Уранов А.А. Онтогенез и возрастной состав популяции цветковых растений. - М.: Наука, 1967. – С. 3-8.
20 Зайцев Г.Н. Методика биометрических расчетов. – М.: Наука, 1973. - С. 250.

REFERENCES

1 Wang T.T. Mechanisms of vasorelaxation induced by total flavonoids of Euphorbia humifusa in rat aorta / T.T. Wang, Z.Q. Zhou, S. Wang, et al. // Journal of Physiology and Pharmacology. 2017. Vol. 68. № 4. P. 619-628. PMID: 29151079
2 Tian Y. Anti-HBV active flavone glucosides from Euphorbia humifusa Willd / Y. Tian, L.M. Sun, X.Q. Liu et al. // Fitoterapia. 2010. Vol. 81. № 7. P. 799–802. DOI:10.1016/j.fitote.2010.04.012
3 Luyen B.T. Anti-inflammatory components of Euphorbia humifusa Willd. / B.T. Luyen, B.H. Tai, N.P. Thao et al. // Bioorganic and Medicinal Chemistry Letters. – 2014. - Vol. 24. - № 8. - P. 1895-1900. DOI: 10.1016/j.bmcl.2014.03.014

4 Bykov B.A. Geobotanika / – Alma–Ata, 1957. -S. 22–23.
5 Rabotnov T.A. Osnovnye voprosy i metody izuchenija zhiznennogo cikla mnogoletnih travjanistyh rastenij i sostava ih populjacij / T.A.Rabotnov // Nauchno-metod. zap. gl. upr. po zapovednikam RSFSR. M., 1949. – Vyp.12. – S. 41–48.
6 Rabotnov T.A. Zhiznennyj cikl mnogoletnih rastenij v lugovyh cenozah / T.A.Rabotnov // Tr. BIN ANSSSR. Sankt – Peterburg, 1950b. – Vyp. 6. – S. 7–204.
7 Serebrjakova T.I. Zhiznennye formy i modeli pobegoobrazovanija nazemnopolzuchih mnogoletnih trav / T.I.Serebrjakova // Zhiznennye formy: struktura, spektry i jevolju-
8 cija. – M.: Nauka, 1981. – S. 161–179.
9 Serebrjakova T.I. Tipy bol'shogo zhiznennogo cikla i struktura nazemnyh pobegov u cvetkovyh rastenij / T.I.Serebrjakova // Bjul. MOIP. Otd. biol.: MGU. – 1971 b. –Vyp. 1. – S. 105–119.
10 Uranov A.A. Ontogenez i vozrastnoj sostav populjacij (vmesto predislovija) / A.A.Uranov // Ontogenez i vozrastnoj sostav populjacij cvetkovyh rastenij. – M., 1967. –S. 3–8.
11 Skvorcov A.K. Gerbarij. Posobie po metodike i tehnike // - M.: Nauka, 1977. -S.199.
12 Jezau. Anatomija semennyh rastenij. - M.: Mir, 1980. - T. 1, 2. – S. 2-558.
